- **Фото:** Түпнұсқа негізінен немесе тек кескіндерден тұрса, осы опцияны пайдаланыңыз.

Исходный размер

Түпнұсқалардың нақты қағаз өлшемін орнату үшін осы опцияны пайдаланыңыз.

- **Смешанный размер:** Түпнұсқа әртүрлі қағаз түрлерінің тіркесімін пайдаланса, түпнұсқаның өлшемін автоматты түрде анықтаңыз.
- **Польз. размер:** Қағаздың арнайы өлшемі үшін пайдаланушы тапсырысы бойынша мәнді орнату қажет болса, қажетті өлшемді орнату үшін көрсеткілерді пайдаланыңыз.

Исходная ориентация

Осы опцияны түпнұсқаның бағдарын орнату үшін пайдаланыңыз.

- **Изображения прямо:** Түпнұсқа - альбомдық бағдарда. Түпнұсқадағы кескіндер немесе мәтін - беттің ұзын шетімен параллель.
- **Изображения сбоку:** Түпнұсқа - кітаптық бағдарда. Түпнұсқадағы кескіндер немесе мәтін - беттің ұзын шетіне перпендикуляр.

Цветовой режим

Осы опцияны көшіру тапсырмалары үшін пайдаланылатын әдепкі түс режимін орнату мақсатында пайдаланыңыз.

- **Моно:** Бейнені қара және ақ етіп көрсетеді.
- **Оттенки серого:** Кескінді сұр түсте көрсетеді.
- **Цвет:** Кескінді түрлі түсті етіп көрсетеді.



Цветовой режим үшін Моно параметрі таңдалса, JPEG файл форматын **Формат файла** ішінде таңдауға болмайды.

Сканировать и отправить 'экраны туралы



Регулировка изображения

Бұл опция кескінді қолмен реттеуге мүмкіндік береді.

- **Плотность:** Сканерленген шығыс файлының күңгірттілігін реттеуге мүмкіндік береді. Оңып кеткен түпнұсқаларды немесе контрасты төмен түпнұсқаларды сканерлеу кезінде өте пайдалы.
- **Резкость:** Оқуға оңай болатындай мәтіннің шеттерін реттеуге мүмкіндік береді. Бұл мүмкіндікті сонымен қатар, кескін детальдарын кеңейту үшін пайдалана аласыз.
- **Контрастность:** Сканерленген қағаздың бұдырлығын немесе тегістігін арттыру үшін контрастты реттеуге мүмкіндік береді. Бұл мүмкіндікті кескіннің сапасын арттыру үшін немесе мәтіннің анықтығын арттыру үшін пайдалануға болады.





Настройка фона



Бұл опция газет немесе каталогтар сияқты өңдік түсі бар түпнұсқаларды теңшеуге мүмкіндік береді. Көшірмелердің оқылуын оңайлату үшін бұл мәзірдегі опцияларды пайдалануға болады.



- **Плотность фона:** Сканерленген кескіндегі фонның тығыздығын реттеуге мүмкіндік береді. Бұл функция ескіріп сарғайып кеткен түпнұсқаларды немесе фоны күңгірт түпнұсқаларды сканерлеу кезінде аса ыңғайлы.
- **Изображение на обороте:** Түпнұсқаның екінші жағынан көрінетін кез келген мәтін немесе кескіндерді өшіруге мүмкіндік береді. Сканерленген дерек анық екендігіне көз жеткізу үшін бұл функцияны пайдалануға болады.



Негізгі сканерлеу

Бұл - түпнұсқалық құжаттарды сканерлеуге арналған әдеттегі процедура.

- 1** Бастапқы экранда **Сканировать и отправить** параметрін немесе **Прилож.** параметрін басыңыз.
- 2** DSDF ішіне түпнұсқаларды беткі жағын жоғары қаратып орналастырыңыз немесе жалғыз түпнұсқаны беткі жағын төмен қаратып сканер әйнегіне орналастырыңыз және DSDF құрылғысын жабыңыз (51-беттегі "Түпнұсқаларды жүктеу" бөлімін қараңыз).
- 3** **Отправить** қойындысы мен **бол.** қойындысындағы параметрлерді реттеңіз.
- 4**  (**Доб. назначение**), **+ Me**,  (**Адресная книга**), **Эл. почта**, **SMB**, **FTP**, **Папка** немесе **USB**) белгішелері арқылы межелі орынды таңдаңыз.

 Сканерленген құжаттарды **Эл. почта**, **Факс**, **FTP** немесе **SMB** мекенжайларына  (**Адресная книга**) арқылы жіберуге болады. **Эл. почта**, **Факс**, **FTP** немесе **SMB** белгішелері **Адресная книга** мәзіріндегі контактілер аттарының қасында пайда болады. Контакт атын таңдаған кезде бірінші белгіше әдепкі бойынша таңдалады. Құжаттарды бірнеше жерге жіберу үшін, әр алушы үшін белгіше таңдаңыз.

- 5** Сканерлеуді бастау үшін, басқару тақтасындағы  (**Пуск**),  (**Пуск**) түймесін басыңыз.

 Ағымдағы жіберу жұмысын болдырмау үшін,  (**Стоп**) белгішесін, содан кейін басқару тақтасындағы **Состояние задания** түймесін, сосын барып қажет тапсырманы жойыңыз (37-беттегі "Тапсырма күйі" қараңыз).

TWAIN қосылған бағдарламамен сканерлеу

Басқа бағдарламаны пайдаланып құжаттарды сканерлеу керек болса, Adobe Photoshop сияқты TWAIN интерфейсімен үйлесімді бағдарламаны пайдалану керек.

TWAIN талаптарына сай бағдарламалық құралмен сканерлеу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз:

- 1** Құрылғы компьютерге қосылып, қуат көзіне қосылғанын тексеріңіз.
- 2** DSDP ішіне түпнұсқаларды беткі жағын жоғары қаратып орналастырыңыз немесе жалғыз түпнұсқаны беткі жағын төмен қаратып сканер әйнегіне орналастырыңыз және DSDP құрылғысын жабыңыз (51-беттегі "Түпнұсқаларды жүктеу" бөлімін қараңыз).
- 3** Adobe Photoshop секілді бағдарламаны ашыңыз.
- 4** TWAIN терезесін ашыңыз және сканерлеу параметрлерін орнатыңыз.
- 5** Сканерлеңіз және сканерленген кескінді сақтаңыз.

Samsung Easy Document Creator пайдалану

Samsung Easy Document Creator - пайдаланушыларға бірнеше пішімдегі (соның ішінде электронды жарияланым пішімдері) құжаттарды сканерлеу, жинау және сақтауға көмектесетін қолданба. Бұл құжаттарды әлеуметтік желі сайттары немесе факс арқылы бөлісуге болады. Сіз кітапханадан іздеу жұмыстарын ұйымдастыратын студент не соңғы туған күнді мерекесіндегі сканерленген фотосуреттермен бөлісуші үй жұмысындағы ата-ана болсаңыз, Easy Document Creator бағдарламасы сізді қажет құралдармен қамтамасыз етеді.




- Windows OS жүйесіне ғана қол жетімді.
- Windows XP немесе одан жоғары және Internet Explorer 6.0 немесе одан жоғары нұсқаларды талап етеді.
- Samsung Easy Document Creator бағдарламасы машина бағдарламалық жасақтамасын орнатқанда автоматты түрде орнатылады.

Samsung Easy Document Creator төмендегі функциялармен қамтамасыз етеді:

- **Сканирование изображения:** Бір немесе бірнеше суретті сканерлеу үшін пайдаланыңыз.
- **Сканирование документа:** Мәтін немесе мәтін мен кескіндер бар құжаттарды сканерлеу үшін пайдаланыңыз.
- **Преобразование текста:** Өзгертілетін мәтін пішімінде сақталуы тиіс құжаттарды сканерлеу үшін пайдаланылады.

- **Сканирование книги:** Планшетті сканер көмегімен кітаптарды сканерлеу үшін қолданылады.
- **Загрузка в социальную сеть:** Сканерленген кескіндерді немесе бұрыннан бар кескіндерді әлеуметтік желілерді (SNS) түрлендіру мақсатында оңай, әрі жылдам жүктеп салу үшін пайдаланыңыз.
- **Преобразование в электронную книгу:** Бірнеше құжатты бір электрондық кітап ретінде сканерлеу немесе бұрыннан бар файлдарды электрондық кітап пішімінде біріктіру үшін пайдаланыңыз.
- **Плагин:** Microsoft Office бағдарламасынан тікелей сканерлеңіз және факс арқылы жіберіңіз.



Терезенің жоғарғы оң жақ бұрышында  (Справка) түймесін басыңыз және білгіңіз келетін кез келген опцияны нұқыңыз.

Samsung Easy Document Creator пайдалану

Samsung Easy Document Creator көмегімен


Samsung Easy Document Creator - пайдаланушыларға көптеген форматтарда, соның ішінде .erub форматындағы құжаттарды сканерлеуге, жинауға және сақтауға мүмкіндік береді.

- 1 Бір құжатты төмен қаратып құжат әйнегіне қойыңыз немесе құжаттарды жоғары қаратып құжат бергішке жүктеңіз (51-беттегі "Түпнұсқаларды жүктеу" бөлімін қараңыз).
- 2 Windows **Пуск** мәзірінен, **Программы** немесе **Все программы** тармағын таңдаңыз.
- 3 **Принтеры Samsung** опциясын басып, **Samsung Easy Document Creator** бағдарламасын іске қосыңыз.
- 4 Бастапқы терезедегі **Сканирование** түймешігін нұқыңыз.
- 5 Сканерлеу түрін немесе таңдаулыларды таңдаңыз және **Начать** басыңыз.
- 6 Бейне баптауларын орындаңыз (**Параметры сканирования** және **Дополнительно**).
- 7 Дайын кескінді сканерлеу үшін **Сканирование** немесе кескінді алдын ала алу үшін **Просмотр** түймесін басыңыз.

8 **Сохранить в папку, Отправить по эл. почте** немесе **Отправить в социальную сеть** функциясын таңдаңыз.

9 **Сохранить** (сканерленген кескінді сақтау үшін), **Отправить** (электрондық поштаға сканерленген кескінді жіберу үшін) немесе **Поделиться** (сканерленген кескінді жүктеп салу үшін) функциясын басыңыз.




Сканерлеу әйнегінде орын болса, бір уақытта бірнеше элементті сканерлеуге болады. Бірнеше таңдау аймағын анықтау үшін  құралын пайдаланыңыз.


Mac сканерлеу

USB арқылы қосылған құрылғыда сканерлеу

- 1 Құрылғы компьютерге қосылып, қуат көзіне қосылғанын тексеріңіз.
- 2 Бір құжатты төмен қаратып құжат әйнегіне қойыңыз немесе құжаттарды жоғары қаратып құжат бергішке жүктеңіз (51-беттегі "Түпнұсқаларды жүктеу" бөлімін қараңыз).
- 3 **Applications** іске қосыңыз және **Image Capture** бағдарламасын нұқыңыз.

 **No Image Capture device connected** хабары пайда болса, USB кабелін ажыратып, оны қайта қосыңыз. Ақаулық жалғаса берсе, **Image Capture** анықтамасын қараңыз.

- 4 Қажет опцияны таңдаңыз.
- 5 Сканерлеңіз және сканерленген суретті сақтаңыз.

 **Image Capture** бағдарламасында сканерлеу жұмыс істемесе, Mac OS жүйесін соңғы нұсқаға жаңартыңыз.

Желіге қосылған құрылғыда сканерлеу

- 1 Құрылғы желіге қосылғанын тексеріңіз.
- 2 Бір құжатты төмен қаратып құжат әйнегіне қойыңыз немесе құжаттарды жоғары қаратып құжат бергішке жүктеңіз (51-беттегі "Түпнұсқаларды жүктеу" бөлімін қараңыз).
- 3 **Applications** іске қосыңыз және **Image Capture** бағдарламасын нұқыңыз.
- 4 Амалдық жүйеге сай төмендегі қадамдарды орындаңыз.
 - 10.5 үшін
 - Menu жолағында **Devices > Browse Devices** тармағына өтіңіз.
 - **Connected** бағдарламасындағы құрылғы қатарында тұрған **Bonjour Devices** құсбелгі көзін тексергендігіңізге көз жеткізіңіз.
 - 10.6 -10.9 үшін **SHARED** тармағының астында құрылғыны таңдаңыз.
- 5 Осы бағдарламада сканерлеу параметрлерін орнатыңыз.
- 6 Сканерлеңіз және сканерленген суретті сақтаңыз.

Mac сканерлеу



- Image Capture бағдарламасында сканерлеу жұмыс істемесе, Mac OS жүйесін соңғы нұсқаға жаңартыңыз.
- Қосымша ақпарат алу үшін **Image Capture** анықтамасын қараңыз.
- Adobe Photoshop сияқты TWAIN интерфейсімен үйлесімді бағдарламаны пайдаланып сканерлеуге болады.
- Средство сканирования Samsung қамтымын пайдаланып, сканерлеуге болады. **Applications** қалтасы > **Samsung** қалтасы > **Средство сканирования Samsung** тармағын ашыңыз.

Linux жүйесінде сканерлеу

Сканерлеу


- 1 Құрылғы компьютерге қосылып, қуат көзіне қосылғанын тексеріңіз.
- 2 `xsane` немесе `simple-scan` сияқты қолданбаны іске қосыңыз (Егер орнатылмаған болса, оны сканерлеу функцияларын пайдаланып орнатыңыз. Мысалы, `xsane` орнату үшін `rpm` бума жүйелерінде `"yum install xsane"` және `deb` бума жүйелерінде `"apt-get install xsane"` пайдалануға болады).
- 3 Тізімнен құрылғыңызды таңдаңыз және қосылатын сканерлеу параметрлерін орнатыңыз.
- 4 **Scan** түймесін басыңыз.



6. Сканерлеу және жіберу (факс жіберу)

Бұл нұсқаулық құрылғыны факс құрылғысы ретінде пайдалану туралы ақпарат береді.


- Факс жіберуге дайындау 141
- Факсты компьютерде пайдалану 142
- Факс экранын түсіну 144
- Факс жіберу 155
- Факс қабылдау 158



Факс жіберуге дайындау



- Бұл құрылғыны факс ретінде интернет телефоны арқылы пайдалану мүмкін емес. Қосымша ақпаратты интернет қызметін жеткізушіден алыңыз.
- Телефон желісін факс желісі ретінде пайдалану кезінде PSTN (ортақ пайдаланылатын телефон желісі) сияқты дәстүрлі аналогтық телефон қызметтерін пайдалануды ұсынамыз. Интернет қызметтерін (DSL, ISDN, VoIP) пайдаланғанда, шағын сүзгіні пайдаланып, байланыс сапасын жақсартуға болады. Шағын сүзгі шуды азайтып, байланыс сапасын жақсартады. DSL шағын сүзгісі құрылғымен бірге берілмеген болса, интернет қызметін жеткізушіге хабарласыңыз.



- 1 Желілік порт
- 2 Шағын сүзгі
- 3 DSL модемі / Телефон желісі

Факс жіберуден немесе қабылдаудан бұрын берілген сымды қабырға розеткасына қосу керек. "Жылдам орнату нұсқаулығын" қараңыз. Телефон желісін қосу әдісі елге байланысты өзгеше болып келеді.

Факсты компьютерде пайдалану

Факсты тікелей компьютерден жіберуге болады. Құрылғы мен компьютер бірдей желіге қосылғанына көз жеткізіңіз.

Факс жіберу (Windows)

Компьютер арқылы факс жіберу үшін, **Samsung Network PC Fax** бағдарламасын орнату керек. **Samsung Network PC Fax** драйверін ықшам дискідегі бағдарламалық жасақтама арқылы орнатуға болады. **Samsung Network PC Fax** драйверін **Выбор программного обеспечения** терезесінде таңдауға болады.

- 1 Жіберу керек құжатты ашыңыз.
- 2 **Файл** мәзірінен **Печать** түймесін таңдаңыз.
Печать терезесі көрсетіледі. Ол қолданбаға байланысты сәл өзгеше болуы мүмкін.
- 3 **Печать** терезесінен **Samsung Network PC Fax** тармағын таңдаңыз.
- 4 **Печать** немесе **ОК** түймесін басыңыз.
- 5 Алушының факс нөмірін енгізіңіз және қажет болса, кез келген опцияларды орнатыңыз.



Samsung Network PC Fax бағдарламасы туралы қосымша ақпарат алу үшін, **Help** түймесін басыңыз.

- 6 **Send** түймесін басыңыз.

Жіберілген факс тізімін тексеру (Windows)

Жіберілген факс тізімін компьютерде тексеруге болады.

Пуск мәзірінен **Программы** немесе **Все программы** > **Samsung Printers** > **Network PC Fax** > **Fax Transmission** пәрменін басыңыз. Содан кейін **Fax Journal** сіз жіберген факс тізімімен бірге пайда болады.




Fax Transmission History туралы қосымша ақпарат алу үшін, **Help** түймесін басыңыз.


Факс жіберу (Mac)

Компьютер арқылы факс жіберу үшін, **Fax Utilities** бағдарламасын орнату керек. Бұл бағдарлама принтер драйверін орнатқан кезде орнатылады.



Факсты компьютерде пайдалану



Келесі қадамдар Mac OS X 10.5 немесе 10.6 жүйесіне негізделген. Операциялық жүйе нұсқасына байланысты, келесі қадамдар әртүрлі болуы мүмкін. Факс жіберу алдында **Fax Queue Creator** арқылы факс драйверін қосыңыз.

- 1 Жіберу керек құжатты ашыңыз.
- 2 **Print** мәзірінен **File** түймесін таңдаңыз.
- 3 **Printer** тізімінен факс драйверін таңдаңыз.
- 4 Көшірмелер мен беттердің санын таңдаңыз.
- 5 Қағаз өлшемін, бағдарын және масштабын таңдаңыз.
- 6 **To** енгізу өрісіне алушының факс нөмірін енгізіңіз. Жиі пайдаланылатын факс нөмірлерін сақтасаңыз,  түймесін басу арқылы **Addresses** опциясын пайдалануға болады.
- 7 Қажет болса, **Dialing Prefix** ішіне қол жеткізу кодын енгізіңіз.
- 8 Қажет болса, факсты мұқаба бетпен жіберу үшін **Use Cover page** опциясын тексеріңіз.
- 9 Факс тапсырмасының тақырыбы мен хабарын енгізіңіз.
- 10 **Fax** түймесін басыңыз.


- 11 **Fax Queue** белгішесі () Mac терезесінде пайда болады. Факс тапсырмасының күйін көру үшін белгішені басыңыз. Сонымен қатаросы терезеде тапсырмаларды жоюға, жасыруға, кідіртуге және жалғастыруға болады.

Факс экранын түсіну




Факс экранын ашу үшін, бастапқы экранда **Сканировать и отправить** немесе **Прилож.** басыңыз, содан кейін  белгішесін басыңыз. Басқа экранды көріп тұрсаңыз, бастапқы экранға өту үшін  белгішесін басыңыз.

- Бастапқы экрандағы  (**Справка**) немесе  (жылдам мәзір) басыңыз, содан кейін білгіңіз келген опцияның үстінен басыңыз.
- Жалпы опцияларды орнатуға болады (128-беттегі "Орнату опциялары" бөлімін қараңыз).




Жіберу қойындысы



Пәрмендік пернелер



Түйме	Атауы	Сипаттама
	Быстрое меню	Жылдам мәзірді ашады.
	Адресная книга	Сақталған мекенжай кітабын ашады.
	Факс	Факс жібереді.





Факс экранын түсіну

Түйме	Атауы	Сипаттама
	Моя прогр.	Бағдарламаны менің бағдарламаларымның тізіміне қосу.
	Подменю (Дополнительное меню действий)	Ішкі мәзірді ашады.
+ Me		<p>Пайдаланушылар жүйеге кірген кезде, Моя страница профилдерінде теңшелген межелі орын пайда болады. Межелі орынды Моя страница бағдарламасының Отправить по назначению мәзірінде орната аласыз (40-беттегі "Моя страница мәзірін түсіну" бөлімін қараңыз). Әкімшілер (Action overflow) > Параметры отправки > Настройка +Me ішкі мәзірінен әдепкі межелі орынды орната алады.</p> <div> Өзіңіздің + Me межелі орныңызды пайдалану үшін жүйеге кіруіңіз қажет. Жүйеге кірмесеңіз, құрылғы көшірмені әкімші көрсеткен + Me мекенжайына жібереді.</div>

Виртуалды перне









- Виртуалды перненің орны экранның оң жағында бекітілген.
- Қолданба іске қосылған кезде, виртуалды перне көрсетіледі.
- Егер экранды түртсеңіз, виртуалды пернелер әрқашан пайда болады.
- ,  түймелерін түрткен кезде виртуалды пернелер жасырылады және көрсетіледі.

Түйме	Атауы	Сипаттама
	Сброс	Қолданбаның әдепкі конфигурациясына қайтарады.
	Без снятия трубки	Бұл түймені басқанда, теру үнін естисіз. Сосын факс нөмірін енгізіңіз. Бұл спикерфонды пайдалану қоңырау шалуға ұқсайды.
	Стоп	Тапсырманы кез келген уақытта тоқтатады. Тоқтатыла алатын тапсырмаларды көрсететін қалқымалы терезе пайда болады.
	Пуск	Тапсырманы іске қосады.

Факс экранын түсіну


предварительный просмотр

Алдын ала көру сканерленген түпнұсқа кескінді көрсетеді.

Түйме	Атауы	Сипаттама
	Настройка истории	Өзгертілген опциялар тізімін көрсетеді.
	Күйді алдын-ала көру	Тапсырманы алдын ала көрсетеді.
	Ойнатуды алдын ала көру	Тапсырманы сканерлейді.   : Бұл түйме сканерлеу кезінде өңдеу үшін пайда болады. Алдын ала сканерленген кескінді бұру және кесу сияқты сканерлеу функцияларымен баптаңыз.
	Пуск	Тапсырманы бастайды.

Жарықтықты реттеу

Түпнұсқада көмескі белгілер мен күңгірт кескіндер болғанда оқуды жеңілдету қажет болса, көшірменің жарықтық деңгейін реттеуге болады. Жүгірткі арқылы жарықтық деңгейін реттеңіз. Осы функция қара кескіндерді ашықтау немесе ашық кескіндерді қаралау қылып басып шығаруға мүмкіндік береді.

Жүгірткі басқару элементін көрсету үшін, **Плотность**  белгішесін басыңыз.



Түс режимін таңдау

Сканерлеуге пайдалану үшін келесі опциялардың бірін пайдаланыңыз.

- **Моно:** Қара мен ақты пайдаланыңыз (әр пиксель үшін 1 бит).
- **Оттенки серого :** Сұр шкаланы пайдаланыңыз (әр пиксель үшін 8 бит).
- **Цвет :** Түрлі-түсті опцияны пайдаланыңыз (әр пиксель үшін 24 бит, әрбір RGB арнасында 8 бит бар).

Факс экранын түсіну

Түпнұсқа түрін таңдау

Көшіру сапасын жақсарту үшін, көшіру тапсырмасына арналған тиісті құжат түрін таңдау арқылы түпнұсқа түрінің параметрін пайдаланыңыз.

- **Текст** : Түпнұсқа негізінен мәтіннен тұрса және кескіндер өт аз болса немесе болмаса, осы опцияны пайдаланыңыз.
- **Текст и фотография** : Түпнұсқа аралас, яғни мәтін мен кескіндерден тұрса, осы опцияны пайдаланыңыз.
- **Фото** : Түпнұсқа негізінен немесе тек кескіндерден тұрса, осы опцияны пайдаланыңыз.

Подменю (Дополнительное меню действий)

- **Добавить в «Мою программу»** : Бағдарламаны менің бағдарламаларымның тізіміне қосу. Осы мүмкіндікпен пайдаланушы әр бағдарлама үшін қажет әдепкі параметрлерді, межелі орындарды орната алады. Сондай-ақ, әдепкі опцияларды Автоматты іске қосу ретінде орната және Басты бетке таңбаша қоса алады.
- **Поиск** : Қажетті опцияларды іздеңіз.

- **Составить задание** : Бұл опцияны қосуға немесе өшіруге болады. Бұл опция қосулы болған кезде: сканерлеу аяқталғаннан кейін, басқа бетті сканерлеу қажеттігін сұрайтын **Сканировать** терезесі пайда болады. **Да** таңдасаңыз, ағымдағы тапсырмада басқа бетті сканерлеуге болады. **Нет** таңдасаңыз, сканерлеу процесі аяқталып, тапсырманың қалғаны орындалады.
- **Вложить только файл** : Хабарламаңызға файл тіркеуге мүмкіндік береді. Осы опцияны бір немесе бірнеше файлды құрылғының қатты диск жетегінен (BOX) SMB, FTP, электрондық пошта, қалта, USB ішіне жіберу үшін пайдалануға болады.
- **Сохранить как настройки по умолчанию** : Ағымдағы **Сканировать и отправить** параметрлерін әдепкі **Сканировать и отправить** параметрлері ретінде сақтауға мүмкіндік береді. Әдепкі **Сканировать и отправить** параметрлері сақталғаннан кейін, барлық болашақ жіберу тапсырмалары бұл параметрлерді қолданады. Ағымдағы параметрлерді әдепкі **Сканировать и отправить** параметрлері ретінде сақтау үшін Action Overflow мәзіріндегі осы опцияны басыңыз.
- **Восстановить значения по умолчанию** : **Сканировать и отправить** параметрлерін құрылғының әдепкі **Сканировать и отправить** параметрлеріне қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Бұл опция ағымдағы **Сканировать и отправить** параметрлерін зауытта теңшелген бастапқы параметрлерге өзгертеді. Әдепкі **Сканировать и отправить** параметрлерін қалпына келтіру үшін Action Overflow мәзіріндегі осы опцияны басыңыз.

Факс экранын түсіну

- **Параметры отправки :** Құжатты жылдам сканерлеп, межелі орнына жіберуге мүмкіндік береді. Сканерленген құжат кескін файлы ретінде жіберіледі. Файлды сканерлеп, ағымдағы хабарламаға тіркеу үшін ішкі мәзірдегі (action overflow мәзірі) осы опцияны басыңыз.
 - **Политика: Политика** параметрі файлдарды сақтау кезінде құрылғы атау қайшылықтарын қалай шеше алатынын көрсетеді.
 - **Отчет о подтв. печати:** Осы мүмкіндікті **Сканировать и отправить** межелі орнында сәтті немесе сәтсіз орындалғаны туралы растау алу үшін пайдалануға болады.



Есепте құрылғы қолдау көрсетпейтін таңбалар немесе қаріптер болса, таңбалар/қаріптердің орнында есепте **Неизвестный** пайда болуы мүмкін.

- **Настройка +Me:** Жіберу тапсырмасы үшін әдепкі межелі орынды таңдауға мүмкіндік береді. Жүйеге кірген кезде Жіберу межелі орнын әдепкі жіберу межелі орны ретінде таңдауға болады. Сондай функциялар **Сканировать и отправить** виджеттерінде де пайда болады.
- **Отп. на ПК:** Сканерленген шығыс құжаттарды компьютерге сканерлейді және жібереді.

- **Настройки адресной книги:** Бұл мекенжай кітапшасында барлық пайдаланушыларға қолжетімді контактілер бар. Құрылғыны пайдаланатын кез келген адамға контактілердің қолжетімді болуы үшін мекенжай кітапшасын пайдалана аласыз.
 - **Адр. книга Google:** Google контактілер тізімінде тіркелген контактілер осы мекенжай кітапшасында бар. **Адр. книга Google** ішіне кіру үшін Google тіркелгіңізге кіруіңіз қажет.
- **Конфигурация пользовательского интерфейса: Сканировать и отправить** мәзірінде пайда болатын опцияларды таңдауға мүмкіндік береді. Мәзірлерді қосу немесе жою үшін мәзір белгішелеріндегі + немесе - таңбасын басыңыз. Сондай-ақ мәзір белгішесін басқа орынға жылжыту үшін оны басып, ұстауға болады немесе барлық мәзірлерді жою үшін **Очистить все** түймесін басуға болады.

Тапсырманың орындалу барысы

Бұл мәзір құрылғы тапсырманы өңдеген кезде пайда болады.

- **Сведения :** Тапсырманың күйі, межелі орны, жіберушісі және уақытын көру үшін осы түймені басыңыз.
- **Алдын ала шолу аймағы :** Жіберіліп жатқан құжаттың алдын ала көрінісін қарап шығуға мүмкіндік береді. Алдын ала көру аймағындағы кескін файлдың бағдары және өлшемі сияқты ағымдағы жіберілген параметрлерді білдіреді.

Факс экранын түсіну

- **Отправить отзыв** : Ағымдағы жіберілген тапсырма бойынша жауапты жіберу мүмкіндігін береді. Жіберілген тапсырманы электрондық пошта бойынша қабылдағыңыз келсе, оны **Моя страница** бағдарламасы арқылы орнатуға болады (40-беттегі "Моя страница мәзірін түсіну" қараңыз).






Бұл функцияны пайдалану үшін әкімші ретінде жүйеге кіру қажет болуы мүмкін (318-беттегі "жүйеге кіру" қараңыз).

Орнату опциялары


Отправить қойындысы және **бол.** қойындысында толық опцияларды орнатуға болады.



- Пайдаланушы интерфейсінің теңшеуі арқылы әрбір қойындының пайдаланушы интерфейсін теңшеуге болады (**Отправить** >  Подменю (Дополнительное меню действий) > **Конфигурация пользовательского интерфейса**).
- Кейбір мәзірлер өшірілген. Олай болса, мәзірлер құрылғыңызда қолжетімді болмайды.

- Параметрлерге немесе модельдерге байланысты кейбір мәзірлер дисплейде шықпауы мүмкін. Мұндай жағдайда, ол құрылғыда қолданыла алмайды.
- Бастапқы экрандағы  (**Справка**) немесе  (жылдам мәзір) басыңыз, содан кейін білгіңіз келген опцияның үстінен басыңыз.

Доб. назначение

Алушының электрондық пошта мекенжайын немесе факс нөмірін қосу үшін  белгішесін басыңыз. **SMB, FTP, Папка, PC, or USB** ішіне жіберу қажет болса, сәйкес түймелерді басыңыз.

Исходный

Бұл параметр ағымдағы сканерлеу тапсырмасына арналған құжат түрін таңдау арқылы сканерлеу сапасын жақсарту үшін пайдаланылады.

- **1-сторон.:** Бір жақта ғана басылатын үлгілер үшін.
- **2-стор., книга:** Екі жақта да басылатын үлгілер үшін.
- **2-стор., календарь :** Екі жақта да басылатын, бірақ артқы жағы 180° градусқа бұрылған үлгілер үшін.

Факс экранын түсіну



2-стор., книга және 2-стор., календарь параметрлерін пайдалану үшін, DSDP ішіндегі түпнұсқаларды жүктеңіз. Құрылғы DSDP ішіндегі түпнұсқан анықтай алмаса, функция автоматты түрде **1-сторон.** болып өзгертіледі.

Параметры сканирования

Сканерленген шығыс құжатының файл опцияларын орнатады.

- **Имя файла:** Сканерленген файл атауын мақсатты орындау сақтау үшін, файл атауын енгізіңіз.
- **Формат файла:** Сканерленген шығыс құжатының файл пішімін таңдайды.
- **Разрешение:** Құжат ажыратымдылығын реттейді. Мән жоғарырақ, нәтижесі анығырақ болған сайын сканерлеу уақыты ұзаққа созылуы мүмкін.
- **Качество:** Жоғары сапалы құжат жасау үшін осы опцияны пайдаланыңыз. Жоғарырақ сапаны таңдасаңыз, файл өлшемі де үлкенірек болады.
- **Язык распознавания:** OCR бағдарламалық жасақтамасы үшін сканерленген шығыс құжатын жасаған кезде тиісті тілді таңдайды. Оған Ізделетін PDF опциясы Файл пішімі параметрлерінде таңдалған кезде қолдау көрсетіледі.

Параметры факса

Сапасы нашар немесе суреттері бар түпнұсқа жіберсеңіз, жоғары сапалы факс жасау үшін, олардың ажыратымдылығын өзгертуге болады.

• Разрешение

- **Стандартное:** Әдетте мәтін бар түпнұсқалар үшін ұсынылады. Бұл опция жіберу уақытын азайтады.
- **Четкое:** Кіші таңбалар, жұқа сызықтар немесе нүктелі матрицалы принтердегі мәтінді қамтитын түпнұсқалар үшін ұсынылады.
- **Очень четкое:** Ұсақ кескін бөлшектері бар түпнұсқалар үшін ұсынылады. Бұл опция қабылдаушы құрылғы **Очень четкое** ажыратымдылығына қолдау көрсетсе ғана қолжетімді болып табылады.
- **Ультра айқын:** Өте ұсақ кескін бөлшектері бар түпнұсқалар үшін ұсынылады. Бұл опция қабылдаушы құрылғы **Сверхчетк.** ажыратымдылығына қолдау көрсетсе ғана қолжетімді болып табылады.

Факс экранын түсіну

Книга (скан)

Осы функцияны кітапты сканерлеу үшін пайдаланыңыз. Кітап тым қалың болса, DSDF құрылғысын топсалары шектегішке жеткенше көтеріңіз, содан кейін DSDF құрылғысын жабыңыз. Кітап немесе журнал 30 мм-ден (1,18 дюйм) қалың болса, көшірме жұмысын DSDF құрылғысы ашық күйінде бастаңыз.

- **Выкл.:** Осы функцияны өшіреді.
- **Левая стр.:** Кітаптың тек сол жақ бетін сканерлейді.
- **Правая стр.:** Кітаптың тек оң жақ бетін сканерлейді.
- **Обе страницы (слева):** Екі қарама-қарсы бетті сол жақ беттен сканерлейді.
- **Обе страницы (справа):** Екі қарама-қарсы бетті оң жақ беттен сканерлейді.
- **Удалить центр и края из книги:** Көшірмелердің ортасындағы және бүйірлік шеттеріндегі түптеулер мен кітап шеттері арқылы орын алған көлеңкелерді өшіру үшін көлеңкелі аймақты орнатуға болады.

Доп. факс (факс пайдаланушысы ғана)

Быстрая отправка факса және **Отложенная отправка** сияқты факс үшін жіберу опцияларын орнатыңыз.

- **Выкл.:** Осы функцияны өшіреді.
- **Быстрая отправка факса:** Құрылғы бірінші бет сканерленгеннен кейін бірден факсты жіберуді бастайды. Беттері көп түпнұсқаларды құрылғы жадын толтырмай жіберуге болады.
- **Отложенная отправка:** Құрылғыны факсты жоспарланған уақытта жіберу үшін орнатады. **Название задания** және **Время начала** опцияларын анықтайды.



Сканерлегеннен кейін факсты 1 минуттан бастап 24 сағат кез келген уақыт аралығына кідіртуге болады.

Настройки эл. почты

От, **Тема** және **Сообщение** сияқты электрондық пошта ақпаратын орнатуға болады.

Факс экранын түсіну

Тип оригинала

Осы параметрді ағымдағы тапсырмаға тиісті құжат түрін таңдау арқылы көшіру сапасын жақсарту үшін пайдаланыңыз.

- **Текст:** Түпнұсқа негізінен мәтіннен тұрса және кескіндер өт аз болса немесе болмаса, осы опцияны пайдаланыңыз.
- **Текст и фотография:** Түпнұсқа аралас, яғни мәтін мен кескіндерден тұрса, осы опцияны пайдаланыңыз.
- **Фото:** Түпнұсқа негізінен немесе тек кескіндерден тұрса, осы опцияны пайдаланыңыз.

Исходный размер

Түпнұсқалардың нақты қағаз өлшемін орнату үшін осы опцияны пайдаланыңыз.

- **Смешанный размер:** Түпнұсқа әртүрлі қағаз түрлерінің тіркесімін пайдаланса, түпнұсқаның өлшемін автоматты түрде анықтаңыз.
- **Польз. размер:** Қағаздың арнайы өлшемі үшін пайдаланушы тапсырысы бойынша мәнді орнату қажет болса, қажетті өлшемді орнату үшін көрсеткілерді пайдаланыңыз.

Исходная ориентация

Осы опцияны түпнұсқаның бағдарын орнату үшін пайдаланыңыз.

- **Изображения прямо:** Түпнұсқа - альбомдық бағдарда. Түпнұсқадағы кескіндер немесе мәтін - беттің ұзын шетімен параллель.
- **Изображения сбоку:** Түпнұсқа - кітаптық бағдарда. Түпнұсқадағы кескіндер немесе мәтін - беттің ұзын шетіне перпендикуляр.

Цветовой режим

Осы опцияны көшіру тапсырмалары үшін пайдаланылатын әдепкі түс режимін орнату мақсатында пайдаланыңыз.

- **Моно:** Бейнені қара және ақ етіп көрсетеді.
- **Оттенки серого:** Кескінді сұр түсте көрсетеді.
- **Цвет:** Кескінді түрлі түсті етіп көрсетеді.



Түс режимі MONO етіп орнатылса, JPEG файл пішімін таңдау мүмкін емес.

Факс экранын түсіну

Регулировка изображения

Бұл опция кескінді қолмен реттеуге мүмкіндік береді.



- **Плотность:** Сканерленген шығыс файлының күңгірттілігін реттеуге мүмкіндік береді. Оңып кеткен түпнұсқаларды немесе контрасты төмен түпнұсқаларды сканерлеу кезінде өте пайдалы.
- **Резкость:** Оқуға оңай болатындай мәтіннің шеттерін реттеуге мүмкіндік береді. Бұл мүмкіндікті сонымен қатар, кескін детальдарын кеңейту үшін пайдалана аласыз.
- **Контрастность:** Сканерленген қағаздың бұдырлығын немесе тегістігін арттыру үшін контрастты реттеуге мүмкіндік береді. Бұл мүмкіндікті кескіннің сапасын арттыру үшін немесе мәтіннің анықтығын арттыру үшін пайдалануға болады.

Настройка фона



Бұл опция газет немесе каталогтар сияқты өңдік түсі бар түпнұсқаларды теңшеуге мүмкіндік береді. Көшірмелердің оқылуын оңайлату үшін бұл мәзірдегі опцияларды пайдалануға болады.

- **Плотность фона:** Сканерленген кескіндегі фонның тығыздығын реттеуге мүмкіндік береді. Бұл функция ескіріп сарғайып кеткен түпнұсқаларды немесе фоны күңгірт түпнұсқаларды сканерлеу кезінде аса ыңғайлы.
- **Изображение на обороте:** Түпнұсқаның екінші жағынан көрінетін кез келген мәтін немесе кескіндерді өшіруге мүмкіндік береді. Сканерленген дерек анық екендігіне көз жеткізу үшін бұл функцияны пайдалануға болады.










Факс экраны



Пәрмендік пернелер

Түйме	Атауы	Сипаттама
	клавиатура	Пернетақтаны ашады.
	Избранные настройки	Жиі пайдаланылатын мекенжайлар тізімін ашады.

Факс экранын түсіну

Түйме	Атауы	Сипаттама
	Недавние	Кез келген соңғы пайдаланылған мекенжайларды көрсетеді.
	Группы	Топтық мекенжайлар тізімін ашады.
	Контакты	Контактілер тізімін ашады.
	паузы	Ағымдағы тапсырманы кідіртеді.
	Добавить контакт	Мекенжайларға жаңа контакт қосады.
	Добавить в	Мақсатты орын тізіміне қосады.
	список мест назначения	Мақсатты орын тізімін ашады.
	Без снятия трубки	Без снятия трубки нөмірді теру функциясын қосады. Теру үнін естіген кезде, экрандағы сандық пернетақта арқылы факс нөмірін енгізіңіз.
	Отправить	Факс жібереді.

Факс жіберу

Осы бөлімде факсты жіберу және арнайы беру әдістері түсіндіріледі.




Түпнұсқаларды DSDF немесе сканер әйнегін пайдаланып орналастыруға болады. Егер түпнұсқалар DSDF және сканер әйнегі екеуіне де қойылса, құрылғы алдымен DSDF ішіндегі құжаттарды оқиды, себебі ол жоғары сканерлеу басымдығына ие.


Факс тақырыбын орнату

Кейбір елдерде, кез келген жіберетін факста өзіңіздің факс нөміріңізді көрсету заң бойынша талап етіледі.

- 1 Дисплей экранында **Настройки > Настройки факса > Ид. номер аппарата и номер факса** тармағын басыңыз.
- 2 **Имя ИД** енгізу өрісін басыңыз. Қалқымалы пернетақта пайда болады.
- 3 Атыңызды немесе компания атын енгізіңіз (42-беттегі "Қалқымалы пернетақтаны түсіну" бөлімін қараңыз).
- 4 **Готово** түймесін басыңыз.
- 5 **Номер факса** енгізу өрісін басыңыз.

- 6 Факс нөмірін басқару тақтасындағы сандық пернетақтаны пайдаланып енгізіңіз.
- 7 **Готово** түймесін басыңыз.
- 8  белгішесін басыңыз немесе басқа параметрлерді таңдаңыз.

Факс жіберу

- 1 DSDF ішіне түпнұсқаларды беткі жағын жоғары қаратып орналастырыңыз немесе жалғыз түпнұсқаны беткі жағын төмен қаратып сканер әйнегіне орналастырыңыз және DSDF құрылғысын жабыңыз (51-беттегі "Түпнұсқаларды жүктеу" бөлімін қараңыз).
- 2 Бастапқы экранда **Отправить** параметрін немесе **Прилож.** параметрін басыңыз.
- 3 **Отправить** қойындысы немесе **бол.** қойындысында құжат параметрлерін реттеңіз.
- 4  белгішесін басыңыз және экрандағы  белгішесін пайдаланып факс нөмірін енгізіңіз, содан кейін  белгішесін немесе дисплей экранындағы **Избранные настройки, Недавние, Группы, Контакты** қойындылары арқылы басыңыз.

Факс жіберу



- Бір уақытта 10 мақсатты орынға дейін факс жіберуге болады.
- **Список назначений** (📧) ішінен мақсатты орынды көруге және жоюға болады.
- Кідірісті кірістіру үшін, факс нөмірін енгізу кезінде **P** белгішесін басыңыз. Кідіріс кірістірілген кезде дисплейде сызықша (-) пайда болады.
- **Без снятия трубки** нөмір теруді пайдалану қажет болса, 📞 белгішесін басып, нөмірді теру дыбысы естілген кезде экрандағы сандық пернетақта арқылы факс нөмірін енгізіңіз.

5 Процесті бастау үшін 📌 белгішесін басыңыз.



- Факсты тікелей компьютерден жіберуге болады (142-беттегі "Факсты компьютерде пайдалану" бөлімін қараңыз).
- Факс тапсырмасын болдырмау қажет болғанда, құрылғы тасымалдауды бастамас бұрын, виртуалды пернедегі **⊗ (Стоп)** түймесін басыңыз. Немесе бастапқы экрандағы **Состояние задания** немесе **Прилож.** басыңыз, содан кейін жою қажет тапсырманы таңдаңыз (37-беттегі "Тапсырма күйі" бөлімін қараңыз).
- Құрылғы факс жіберіп жатқан кезде электрондық пошта хабарларын жібере алмайсыз.

Жылдам теру нөмірі арқылы факс жіберу

Факстың мақсатты орын нөмірін енгізу ұсынылғанда, алдын ала орнатылған жылдам теру нөмірін енгізуге болады.



- Жылдам теру нөмірлері үшін 1-500 дейін тағайындауға болады.
- Бір сандық жылдам теру нөмірлері үшін, басқару тақтасындағы сандық пернетақтадағы тиісті нөмірді басып тұрыңыз.
- Екі немесе бірнеше сандық жылдам теру нөмірлері үшін, басқару тақтасында сандық пернетақтадағы бір сандық түймені басып, соңғы санды ұстап тұрыңыз.

Автоматты түрде қайта жіберу

Факсты жібергенде желі бос емес болса немесе жауап болмаса, құрылғы автоматты түрде нөмірді қайта тереді.

Қайта терулер арасындағы уақыт аралығын және/немесе қайта теру әрекеттерінің санын өзгерту үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз:

Дисплей экранында **Настройки > Настройки факса > Дозв.** тармағын басыңыз.

Факс жіберу

Факстың тасымалдануынкідірту

Құрылғыны факсты кейін жіберу үшін орнатуға болады (161-беттегі "Жалпы факс параметрлері" бөлімін қараңыз).



Кідірілген факсты болдырмау үшін, ол жіберілгенге дейін **Выкл.** түймесін басыңыз.


Факс қабылдау

Осы бөлімде факс қабылдау жолдары мен қолжетімді арнайы опциялар түсіндіріледі.

Қабылдау режимін өзгерту

Құрылғы зауытта алдын ала **Факс** режиміне орнатылады. Факс келген кезде, құрылғы көрсетілген қоңырау санынан кейін қоңырауға жауап беріп, автоматты түрде факсты қабылдайды. Басқа қабылдау режиміне өзгерту қажет болса, төмендегі қадамдарды орындаңыз:


Дисплей экранында **Настройки > Настройки факса > Режим приема** тармағын басыңыз.

- **Телефон:** Факсты **Без снятия трубки** және виртуалды пернедегі  (**Пуск**) түймесін басу арқылы қабылдаңыз.
- **Факс:** Кіріс факстарды әдеттегідей қабылдаңыз және дереу факс қабылдау режимін енгізіңіз.
- **Автоответчик / факс:** Жауап беру құрылғысы сіздің жабдығыңызға жалғанғанда пайдаланыңыз. Жабдығыңыз кіріс қоңырауына жауап беріп, қоңырау шалушы жауап беру құрылғысында хабар қалдыра алады. Егер құрылғы желіде факс дыбысын қабылдаса, ол автоматты түрде **Факс** режиміне ауысып, факсты қабылдай бастайды.



- **Код начала приема:** Қосымша телефоннан қоңырау алып факс үнін естіңіз, қосымша телефондағы *9* түймелерін басыңыз. Құрылғы факсты қабылдайды. Түймелерді кезекпен баяу басыңыз. Қашықтықтан басқарылатын құрылғыдан факс үнін әлі естіп тұрсаңыз, *9* түймесін тағы бір рет басып көріңіз.

Факсты "Телефон" режимінде Телефон режимі

Қашықтықтан басқарылатын құрылғыдан факс үні естілгенде, факс қоңырауын **Без снятия трубки** және виртуалды пернедегі  (**Пуск**) түймесін басу арқылы қабылдай аласыз. Құрылғы факсты қабылдауды бастайды.

автоматты түрде қабылдау Автоответчик / факс

Осы режимді пайдалану үшін жауап беруші құрылғыны құрылғының артындағы «EXT» ұясына қосыңыз.

Қоңырау шалушы хабар қалдырса, жауап беруші құрылғы хабарды әдеттегідей жазып алады. Егер құрылғы желіде факс үнін анықтаса, автоматты түрде факсті қабылдай бастайды.

Факс қабылдау



- Егер құрылғыда осы режим орнатылып, жауап беруші құрылғы өшірілген немесе EXT ұясына жалғанған болса, алдын ала орнатылған қоңыраулар санынан кейін құрылғы автоматты түрде **Факс** режиміне өтеді.
- Егер жауап беру құрылғысында теңшелетін айналмалы есептегіш болса, бірнеше рет қоңырау шалмас бұрын оны кіріс қоңырауларына жауап беру күйіне орнатыңыз.
- **Телефон** режимінде болса, құрылғыңызға жауап беру құрылғысы жалғанған кезде жауап беру құрылғысын өшіру қажет. Әйтпесе, жауап беру құрылғысының шығыс хабарлары телефон байланысын үзеді.

Қауіпсіз қабылдау режимінде қабылдау

Қабылданған факстерді рұқсаты жоқ адамдардың оқуын болдырмау керек болуы мүмкін. Құрылғы қараусыз қалған кезде кіріс факсты басып шығаруды шектеу үшін қауіпсіз қабылдау режиміне қосуға болады. **Безопасный прием** режимінде, барлық кіріс факстар жадта сақталады.

- 1 Дисплей экранында **Настройки > Настройки факса > Безопасный прием** тармағын басыңыз.



Безопасный прием режимін құрылғыда тіркелген құпия сөз бар пайдаланушы арқылы ғана теңшей алады. Құрылғы талап еткен кезде құпия сөзді енгізіңіз.


- 2 Осы функцияны қосу үшін **Вкл.** түймесін басыңыз.



Құрылғы факсты осы режимде қабылдаған кезде, **Печать** опциясы қолжетімді болады. Қорғалған факстарды басып шығару қажет болса, **Печать** түймесін басыңыз. Содан кейін барлық қорғалған факстар басып шығарылады.

- 3 Құпия код орнату қажет болса, құпия код бос орнын түртіп, құпия кодты енгізіңіз.
- 4 Кіріс факстардың әрқашан жадта сақталуы қажет болса, **Весь день** опциясын басыңыз. Олай болмаса, келесі қадамға өтіңіз.
- 5 **Время начала** түймесін басып, жоғары/төмен түймелерін пайдаланып арнайы бастау уақытын орнатыңыз. Аяқтаған кезде **Установить** түймесін басыңыз.
- 6 **Время оконч.** түймесін басып, жоғары/төмен түймелерін пайдаланып арнайы аяқтау уақытын орнатыңыз. Аяқтаған кезде **Установить** түймесін басыңыз.

Факс қабылдау

- 7  белгішесін басыңыз немесе басқа параметрлерді таңдаңыз.



Безопасный прием функциясын өшіру үшін, **Выкл.** түймесін басыңыз. Кіріс факстар автоматты түрде қайта басып шығарылады.

Қабылданған факстарды басып шығаруды

Осы опцияны қабылданған факстарға арналған басып шығару опцияларын орнату үшін пайдаланыңыз.

Дисплей экранында **Настройки > Настройки факса > Печать принятого факса** тармағын басыңыз.

- **Блок 2-ст. печати:** Құрылғы қабылданған факстарды қағаздың екі жағында да басып шығарады.
- **Выходной лоток:** Факс басып шығарылатын науаны көрсетеді.

- **Автоматическое уменьшение:** Кіріс беттерінің өлшемін автоматты түрде кішірейту үшін орнатылады. Қағаз науасына жүктелген қағаздан ұзын беттерді қамтитын факсты қабылдаған кезде, құрылғыға жүктелген қағаз өлшеміне сәйкестендіру үшін құрылғы түпнұсқаның өлшемін кішірейте алады. Бұл опцияны қоспасаңыз, бір бетке сәйкестендіру үшін құрылғы түпнұсқаны кішірейте алмайды. Түпнұсқа нақты өлшемде екі немесе бірнеше бетке бөлініп, басып шығарылады.
- **Печ. больш. страницы:** Факс басып шығарылатын жерге сәйкестендіру үшін пайдаланыңыз.
- **Ставить отметку о получении:** Қабылданған факс ақпаратын басып шығарыңыз.
- **Источ. бум.:** Науаны қағаз көзі ретінде таңдаңыз.

Факстерді қайта жіберу

Жіберілген немесе қабылданған факстарды электрондық хабарламаға, SMB, FTP және сол сияқтыларға қайта жітеру үшін құрылғыңызды орната аласыз. Бұл мүмкіндік сізге кеңседен тыс жерде факс қабылдау қажет болғанда пайдалы.

Факс қабылдау

Жалпы факс параметрлері

Әдепкі факс опцияларын орнатуға болады. Ең жиі пайдаланылатын факс параметрлерін орнатыңыз.

Дисплей экранында **Настройки > Настройки факса** тармағын басыңыз.



- Параметрлерге немесе модельдерге байланысты кейбір мәзірлер дисплейде шықпауы мүмкін. Мұндай жағдайда, ол құрылғыда қолданыла алмайды.
- Бастапқы экрандағы  (**Справка**) немесе  (жылдам мәзір) басыңыз, содан кейін білгіңіз келген опцияның үстінен басыңыз.
- Бұл функцияны SyncThru™ Web Service арқылы да пайдалануға болады. Желіге қосылған компьютерде веб-торапты ашып, құрылғының IP мекенжайын енгізіңіз. SyncThru™ Web Service терезесі ашылғанда **Настройки** қойындысы > **Параметры устройства** > **Факс** тармағын басыңыз (185-беттегі "Настройки қойындысы" қараңыз).

Опция	Сипаттама
Ид. номер аппарата и номер факса	Құрылғы идентификаторы мен факс нөмірін басып шығару үшін әр бетті бас жағына орнатуға болады.

Опция	Сипаттама
Дозв.	<p>Алушының факс желісі бос емес болса немесе жауап бермесе факс нөмірін қайта теру үшін, құрылғыны орнатуға болады. Қайта теру әрекетінің санын және әрекеттер арасындағы аралықты орнатыңыз.</p> <ul style="list-style-type: none">• Интервал дозвона: Жоғары/төмен көрсеткілері көмегімен қайта теру аралығын таңдаңыз.• Количество попыток: Жоғары/төмен көрсеткілері көмегімен қайта теру уақытын таңдаңыз. Қайта теруді өшіру үшін, 0 санын таңдаңыз.
Префикс набора	<p>Белгіленген нөмір алдына теру қажет нөмірді орнатыңыз. Пайдаланушылар мұны PABX (мыс. 9) немесе аймақ кодына (мыс. 02) қол жеткізу үшін пайдалана алады. Осы нөмірді бір рет орнатқан соң ол телефон немесе факс нөмірін енгізген кезде автоматты түрде экранда пайда болады.</p>

Факс қабылдау

Опция	Сипаттама
Режим исправления ошибок	Құрылғыны қателерді жөндеуге орнатады. Бұл сызықтың төмен сапасын болдырмауға және сіз жіберген барлық факсты кез келген басқа қатені жөндеу функциясымен жабдықталған құрылғыға дұрыс тасымалдауға көмектеседі. Факсты осы режимде жіберу үшін көп уақыт кетуі мүмкін.
Скорость модема	Модем жылдамдығын орнатыңыз (4,8 кбит/сек - 33,6 кбит/сек).
Режим приема	Факсты қабылдау режимін таңдайды. <ul style="list-style-type: none">• Телефон: Факсты қабылдау үшін, Громкая связь содан кейін Пуск опциясын басыңыз.• Факс: Кіріс факстарды әдеттегідей қабылдаңыз және дереу факс қабылдау режимін енгізіңіз.• Автоответчик / факс: Жауап беру құрылғысы сіздің жабдығыңызға жалғанғанда пайдаланыңыз. Жабдығыңыз кіріс қоңырауына жауап беріп, қоңырау шалушы жауап беру құрылғысында хабар қалдыра алады. Егер құрылғы желіде факс дыбысын қабылдаса, ол автоматты түрде Факс режиміне ауысып, факсты қабылдай бастайды.

Опция	Сипаттама
Звонков до ответа	Кіріс қоңырауына жауап берместен бұрын, құрылғының шырылдау санын орнатады.
Экономичные звонки	Телефон есебін шығындарын азайту үшін, факстерді байланыс ақысын үнмедеу уақытында жіберуге құрылғыны орнатады.
Режим DRPD	Бір телефон желісінде пайдаланушыға бірнеше телефон нөміріне жауап беруге мүмкіндік береді. Әр нөмірге әртүрлі қоңырау үлгісін анықтауға құрылғыны орнатады. Бұл параметр сіздің мемлекетіңізде қолжетімді емес болуы мүмкін.
Настройка ненужных факсов	Жадта қалаусыз факс нөмірлері ретінде сақталған нөмірлер жіберген факстерді болдырмау үшін осы функцияны пайдаланыңыз. Осы функция қалаусыз факстерді құлыптау үшін пайдалы. Осы функцияны қосқан кезде қалаусыз факс нөмірлерін орнату үшін, қосымша опцияларды пайдалануға болады. Бұл опция сіздің мемлекетіңізде қолжетімді емес болуы мүмкін.

Факс қабылдау

Опция	Сипаттама
Безопасный прием ^а	<p>Қабылданған факстерді өкілетті емес адамдар сіз жоқ кезде қол жеткізе алмайтындай етіп жадта сақтау үшін құрылғыны орнатады. Бұл опция құрылғыны бақылаусыз қалдырғанда қабылданған факстерді басып шығаруды шектейді.</p> <ul style="list-style-type: none">• Выкл.: Қауіпсіз қабылдауды пайдаланбауды таңдайды.• Вкл.: Қауіпсіз қабылдауды пайдалануды таңдайды.• Печать: Жадтағы факстерді басып шығаруды таңдайды. Жадтағы қабылданған факстерді басып шығару үшін, әкімші ретінде жүйеге кіру қажет.
Печать принятого факса	<p>Қабылданған факстарды басып шығару үшін опцияларды орнатыңыз.</p>
Факс: наст. страны	<p>Елді әдепкідей таңдаңыз. Оны өзгерту алдында, құрылғыға телефон желісін жалғаңыз. Елді өзгерткен кезде, ring-сынақ орындалады.</p>

Опция	Сипаттама
Диагностика смарт-факса	<p>Smart Fax мүмкіндігі сіздің факс желіңізге арналған параметрлерді оңтайландырады.</p> <ul style="list-style-type: none">• Автоматическая конфигурация: Факстарды жіберу және қабылдау кезінде, байланыстың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін, құрылғы жүйелі түре қателердің бар-жоғын тексеріп отырады және факс параметрлерін автоматты түрде теңшейді.• Пуск: Факстарды жіберу және қабылдау кезінде, қоршаған ортаны автоматты түрде анықтауға немесе қолмен көрсетуге мүмкіндік береді. Ортаны автоматты түрде анықтау үшін немесе факс жіберу ортасын қолмен Обычный, VoIP(офис), Шум(дом) немесе Большой шум ретінде көрсету үшін Автоматическое обнаружение опциясын таңдаңыз .• Инициализировать параметры диагностики: Барлық параметрлерді қалпына келтіреді.

а. Таңдалған аутентификация параметрлеріне байланысты тек әкімші үшін қолжетімді болуы мүмкін (328-беттегі "Аутентификация" бөлімін қараңыз).



7. Мекенжай кітапшасын орнату

Бұл нұсқаулық мекенжай кітапшасы үшін нұсқаулар береді.



- Мекенжай экранын түсіну 165
- Басқару панелін пайдалану 167
- SyncThru™ Web Service бағдарламасын пайдалану 171



Мекенжай экранын түсіну


Адресная книга бағдарламасы құрылғыда жиі қолданылатын мекенжайларды ашып, сақтауға мүмкіндік береді. Факс нөмірлері мен электрондық мекенжайларды, сондай-ақ SMB, FTP және сол сияқтыларға арналған мекенжайларды сақтай аласыз.

Бастапқы экранда **Адресная книга** опциясын немесе **Прилож.** опциясын басыңыз. Бастапқы экранға өту қажет болса, бастапқы (🏠) түймесін басыңыз.

- Бастапқы экрандағы  (**Справка**) немесе  (жылдам мәзір) басыңыз, содан кейін білгіңіз келген опцияның үстінен басыңыз.
- Жалпы опцияларды орнатуға болады (128-беттегі "Орнату опциялары" бөлімін қараңыз).

Мекенжай экраны

Құрылғыда жиі пайдаланатын факс нөмірлері, электрондық пошта мекенжайлары, SMB сервер мекенжайлары, FTP сервер мекенжайларын сақтауға болады.



- **Контакты:** Мекенжай кітапшсында сақталған контактілердің аты мен контакт ақпараттарын көрсетеді.
- **Избранные настройки:** Мекенжай кітапшсында таңдаулылар ретінде белгіленген контактілердің аты мен контакт ақпараттарын көрсетеді.
- **Группы:** Мекенжай кітапшсында тіркелген топтар тізімдері мен сол топтарға тіркелген пайдаланушыларды көрсетеді.

Мекенжай экранын түсіну



Топты басқа топтың мүшесі ретінде қоса алмайсыз.

Пәрмендік пернелер



Кейбір функцияларды пайдалану үшін әкімші ретінде жүйеге кіру қажет болуы мүмкін (318-беттегі "жүйеге кіру" қараңыз).

Түйме	Атауы	Сипаттама
	Быстрое меню	Жылдам мәзірді көрсетеді.
	Поиск	Қажет мекенжайды іздейді.
	Добавить	Контакт, таңдаулы немесе топты қосады.
	Правка	Өңдеу қажет мекенжайды таңдаңыз да, осы түймені басыңыз.
	Моя прогр.	Қосылған бағдарламалар тізімін көрсетеді.
	Подменю (Дополнительное меню действий)	Ішкі мәзірді ашады.



Подменю (Дополнительное меню действий)




Кейбір функцияларды пайдалану үшін әкімші ретінде жүйеге кіру қажет болуы мүмкін (318-беттегі "жүйеге кіру" қараңыз).



- **Поиск:** Контактілер тізіміндегі аттар мен контакт ақпараттарын іздейді.
- **Удал. контакты:** Орнатылған контактілерді жояды.
- **Импорт:** Басқа MFP немесе бірдей MFP ішінен сақталған мекенжай кітапшасын импорттауға болады.
- **Экспорт:** Басқа MFP немесе бірдей MFP ішінен сақталған мекенжай кітапшасын экспорттауға болады.

Басқару панелін пайдалану

Жеке мекенжайларды сақтау


1 Бастапқы экранда **Адресная книга** немесе **Прилож.>** дисплей экранындағы  (қосу) белгішесін басыңыз.

2 **Имя** енгізу өрісін басып, содан кейін алушы есімін енгізіңіз.

 Жиі пайдаланатын және оңай табу қажет мекенжайлар үшін  (таңдаулы) белгісін басыңыз.

3 Алушының сол ақпаратын енгізу үшін **Эл. почта** белгішесін басыңыз.

4 **Ном.быст.наб.** автоматты түрде пайдаланылмайтын нөмірлердің алғашқы нөмірімен тағайындалады.

 Мекенжайды жылдам таңдау үшін сандық пернетақтада **Ном.быст.наб.** пайдаланыңыз.

5 **Факс** енгізу өрісін басып, басқару тақтасындағы сандық пернетақта көмегімен факс нөмірін енгізіңіз. Қажет болса, тек нөмірлер, аймақ кодын енгізе аласыз.



Кідіріс енгізу: Кейбір телефон жүйелерінде қол жеткізу кодын (мысалы, 9) теріп, нөмірді теруден бұрын екінші теру үнін тыңдау қажет. Мұндай жағдайларда телефон нөміріне кідіріс енгізуге болады.

6 Алушының сол ақпаратын енгізу үшін **SMB** немесе **FTP** белгішесін басыңыз.



- **SMB** немесе **FTP** серверінің анонимді байланысын орнатқыңыз келсе, **Тип входа** ішінен **Анонимное** өрісін таңдаңыз.
- Енгізген SMB сервері ешқандай доменге тіркелмеген болса, оны бос қалдырыңыз немесе SMB серверінің компьютер атауын енгізіңіз.
- **Имя польз. вх.:** Таңдаған файл қалтасында қосымша қалта жасау үшін, осы опцияны таңдаңыз. Ішкі қалта 5 қадамда енгізілген пайдаланушы аты бойынша аталады. Егер файл қалтасында дәл сондай атпен ішкі қалта болса, құрылғы ішкі қалта жасамайды.
- **Цикл создания папки:** Қосымша қалтаны жасау кезеңін орнатыңыз. Құрылғы осы опцияға байланысты қосымша қалталар жасайды. Файл қалтасында бірдей атаудағы қосымша қалта бар болса, құрылғы қосымша қалта жасамайды.
 - **Каждый день:** Қосымша қалта “YYYY-MM-DD” (мысалы, “01.01.14”) пішімін пайдалану арқылы күнделікті жасалады.

Басқару панелін пайдалану


- **Каждый месяц:** Қосымша қалта “YYYY-MM” (мысалы, “2014-01”) пішімін пайдалану арқылы ай сайын жасалады.
- **Каждый год:** Қосымша қалта “YYYY” (мысалы, “2014”) пішімін пайдалану арқылы жыл сайын жасалады.
- **Создать папку для нескольких файлов:** Осы опция мен бірнеше сканерлеу файлын таңдасаңыз, құрылғы барлық жіберілген файлдарды сақтау үшін таңдаған файл қалтасында қосымша қалта жасайды.
- **SyncThruA Provider:** SyncThru™Web Admin Service бағдарламасы арқылы қамтамасыз етілген тапсырма есебінің әдісін пайдалану үшін таңдаңыз (Толық ақпарат алу үшін, SyncThru™Web Admin Service нұсқаулығын қараңыз).

Параметры администр.

Общие настройки

Жалпы параметрлерді орнатуға мүмкіндік береді.

Измерение

Өлшем бірлігі мен әдепкі қағаз өлшемін таңдауға болады.

Управление расх. мат.

Шығын материалдарын қайта реттеу хабарландыруына арналған опцияларды орнатуға мүмкіндік береді. Осы опция орнатылса, шығын материалдары аяқталған кезде құрылғы ескерту хабарын көрсетеді.

Шығын материалдарын алдын ала дайындаңыз.



- **Увед. о повт. заказе бл. перен. изобр.:** Картридждің көрсетілген жарамдылық мерзімі аяқталғанда хабарландыру көрсетіледі.
- **Уведомл. о повт. заказе картриджа:** Тонер картриджінің көрсетілген жарамдылық мерзімі аяқталғанда хабарландыру көрсетіледі.
- **Эконом. тонера: Экономия тонера** параметрі құжатты басып шығару кезінде пайдаланушыға басып шығару тонерін үнемдеуге мүмкіндік береді.

Управление конфликтами

Копия, Печать, Отправить, Отчет басымдылығын орнатуға немесе кезек бойынша орнатуға мүмкіндік береді.

Дополнительные параметры

Окно индикатора выполнения задания, Удаление задания параметрлерін орнатуға болады.

- **Окно индикатора выполнения задания:** Дисплейде тапсырманың орындалуын көрсетуге мүмкіндік береді.
- **Удаление задания:** Тапсырманы жою параметрі пайдаланушылардың барлық тапсырмаларды немесе өздері жасаған тапсырмаларды жою мүмкіндігін көрсетеді.
 - Разрешить удаление всех заданий:** Барлық пайдаланушы барлық тапсырманы жоя алады.
 - Разрешить удаление только одного задания:** Пайдаланушылар тек өз тапсырмаларын жоя алады.
- **Бастапқы экранды құлыптау:** Әкімшілер пайдаланушылардың виджеттерді, бағдарламаларды және таңбашаларды жылжыту/ жою, сондай-ақ, тұсқағазды немесе бастапқы бетке қосу сияқты функцияларды пайдалану мүмкіндігін шектей алады.

Параметры администр.

Бастапқы параметрлер (тек әкімші)

Құрылғыны алғаш рет қосқан кезде бастапқы параметрлерді өзгертуге болады.



Бастапқы параметрлерді реттеуді тоқтату қажет болса, **Выход** түймесін басыңыз. Орнатылған параметрлер әлі де сақталады. Алайда, осы опция алғаш рет пайдаланылса, **Выход** түймесі қосылмайды.

- **Язык:** Дисплей экранында пайдалану үшін тілді таңдаңыз, содан кейін **Далее** түймесін басыңыз.
- **Прим.:** Оқып шығып, **Далее** опциясын басыңыз.
- **Учетная запись админ.:** **Имя, Новый пароль, Подтвержд. пароля** параметрін енгізіңіз. Атай өрісінде **admin** әдепкі ретінде енгізіледі.
- **4, Дата и время:** **Дата, Время, Часовой пояс**, күн және сағат пішімін, сонымен қатар **Летнее время** параметрін орнатыңыз.



Уақыт белдеуін таңдау мысалы үшін, өз еліңіздің аймағын таңдаңыз.

- **Опред. устройства:** Құрылғының ағымда бар атауын жойып, пайдалану қажет құрылғы атауын енгізіңіз. содан кейін **Далее** түймесін басыңыз. Желіде пайдаланылатын құрылғы атауын енгізу қажеттігін ескеріңіз.



- Қажет болса, **Располож.** өрісінде машина орнын енгізіңіз.
- Қажет болса, **Администратор** өрісінде, құрылғыда мәселе орын алған кезде хабарласатын тұлға туралы ақпаратты енгізіңіз.

- **Проверка соединений:** **Подкл. платы Ethernet** параметрін тексеру үшін, **Тест** түймесін басыңыз. **Тест** түймесін басқаннан кейін **Подключено** хабары пайда болған кезде **Далее** түймесін басыңыз.

Егер **Не подключен** хабары пайда болса, құрылғының желіге қосылғанына көз жеткізіңіз, содан кейін жергілікті желі байланысын қайта тексеріңіз.



- Желі байланысының мәселесе шешілмесе, желілік әкімшіге хабарласыңыз.
- Қосымша факс жинағын немесе өңдеу құралын орнатсаңыз, олардың байланысын тексеру үшін әрбір **Тест** түймесін басыңыз.

- **Настройки сети:** Әрбір өрісте **IP-адрес, Маска подсети, Шлюз, Имя узла, Имя домена, Основной сервер DNS** және **Дополнительный сервер DNS** енгізіңіз. Содан кейін **Далее** түймесін басыңыз.

Параметры администр.



- DHCP немесе BOOTP арқылы жаңа IP мекенжайы автоматты түрде тағайындалса, **DHCP** немесе **BOOTP** түймесін басыңыз.
- Желі ортасына сенімді болмасаңыз, желілік әкімшіге хабарласыңыз.

- **Конфигурация SNMP:** Әрбір өрісте **Имя сообщества**, **Разрешение на доступ**, **Имя пользователя для аутентификации**, **Пароль аутентификации**, **Пароль подтв. проверки подл.**, **Пароль для защ. конфид-ти** және **Подтв. пароля конфид.** енгізіңіз. Содан кейін **Готово** түймесін басыңыз.

Настройки факса

Әдепкі факс опцияларын орнатуға болады. Ең жиі пайдаланылатын факс параметрлерін орнатыңыз.

Дисплей экранындағы **Настройки > Настройки факса** тармағын басыңыз (161-беттегі "Жалпы факс параметрлері" қараңыз)



- Қосымша факс орнатылмаса, дисплей экранында факс белгішесі шықпайды.
- Факс опциялары Халықаралық байланыс реттеуіне байланысты әр елде әртүрлі болады. Егер кейбір факс опциялары сұр нұсқаулықтарда берілсе, сіздің байланыс ортаңыз сұр опцияға қолдау көрсетпейді.
- Бұл функцияны SyncThru™ Web Service арқылы да пайдалануға болады. Желіге қосылған компьютерде Веб шолғышты ашып, құрылғыңыздың IP мекенжайын енгізіңіз. SyncThru™ Web Service терезесі ашылғанда **Настройки** қойындысы > **Параметры устройства > Факс** тармағын басыңыз (185-беттегі "Настройки қойындысы" қараңыз).

Настройки печати

Басып шығаруға қатысты параметрлерді орнатуға болады. Басып шығару опциялары үшін арнайы кіріс болмаса, құрылғы сіз орнатқан параметрлермен басып шығарады. Жиі пайдаланылатын басып шығару параметрлерін орнатыңыз. Компанияда арнайы басып шығару пішімі болса, осы функция пайдалы болып табылады.

Дисплей экранында **Настройки > Настройки печати** тармағын басыңыз.

Параметры администр.



Бұл функцияны SyncThru™ Web Service арқылы да пайдалануға болады. Желіге қосылған компьютерде Веб шолғышты ашып, құрылғыңыздың IP мекенжайын енгізіңіз. SyncThru™ Web Service терезесі ашылғанда **Настройки** қойындысы > **Параметры устройства** > **Принтер** тармағын басыңыз. (185-беттегі "Настройки қойындысы" бөлімін қараңыз).

Настройки ящика

Компьютерлердегі құжаттарды немесе **Папка** ішіндегі сканерленген кескіндерді сақтауға, басып шығаруға, жүктеп алуға және жіберуге болады. **Папка** қалтасы құрылғының қатты диск жетегінде (HDD) орналасқан. Ол құжаттардың HDD ішінде сақталатынын білдіреді. Өкілеттігі жоқ пайдаланушылар қол жеткізе алмайтындықтан, нақты Сақталған құжаттар үшін құпия сөз жасауға болады. Сонымен қатар, басып шығару функцияларының түрлерін пайдаланып сақталған құжаттарды басып шығаруға және құжаттарды электрондық пошта, сервер немесе факс сияқты бірнеше тағайындауға жіберуге болады. Сақталған құжатты орнатуға және Сақталған құжат функциясын SyncThru™ Web Service бағдарламасымен пайдалануға болады.



Егер **Папка** ішінде маңызды дерек сақталса, жүйелі түрде деректің резервтік көшірмесін жасап тұру ұсынылады. Құрылғыны дұрыс пайдаланбау немесе оның ақаулығы салдарынан болатын зақым мен деректің жоғалғаны үшін Samsung компаниясы барлық жауапкершіліктен бас тартады.

Есеп параметрлері

Қағаз көзінің параметрі машинаның есептерді басып шығаруға қолданатын әдепкі қағаз науасын көрсетеді.

Управление приложением

Қолданбаларды/лицензияны орнатуға немесе жоюға болады. Егер қолданба қосылса, орнатылған қолданбаның лицензиясын белсендіру қажет болады. Кейбір қолданбаларда лицензия болмауы мүмкін.

Бастапқы экранда **Настройки** > **Управление приложением** немесе **Прилож.** тармағын басыңыз.

Параметры администр.



- Бұл функцияны SyncThru™ Web Service арқылы да пайдалануға болады. Желіге қосылған компьютерде Веб шолғышты ашып, құрылғыңыздың IP мекенжайын енгізіңіз. SyncThru™ Web Service терезесі ашылғанда, **Обслуживание** қойындысын > **Управление приложениями** параметрін басыңыз. (334-беттегі "Управление приложением" бөлімін қараңыз).
- Кейбір үлгілер осы функцияға қолдау көрсетпеуі мүмкін.

Қолданбаны орнату

- 1 **Установить** түймесін басыңыз.
- 2 Қалталары көрсетілген қалқымалы терезе пайда болады. Қолданба файлын таңдап, **ОК** түймесін басыңыз.
- 3 Растау хабары пайда болады. Келісімді оқыңыз және **Я принимаю условия лицензионного соглашения** ұяшығына құсбелгі қойыңыз, содан кейін **ОК** түймесін басыңыз.
Қолданбаны орнату басталады.

Қолданбаны толығымен көру

- 1 Толығымен көргіңіз келген қолданба атауын басыңыз.
- 2 Қолданба ақпаратын толығымен көріңіз.



Қолданбаны қосу/өшіру

- 1 Қосқыңыз/өшіргіңіз келген қолданбаны таңдаңыз және **Вкл. или выкл.** түймесін басыңыз.
- 2 Сіз таңдаған қолданба қосылады/өшеді.

Қолданбаны жою

- 1 Жойғыңыз келген қолданбаны таңдаңыз және **Удалить** түймесін басыңыз.
- 2 Растау терезесі пайда болады. **Да** түймесін басыңыз. Сіз таңдаған қолданба жойылады.



- Параметрлерге немесе модельдерге байланысты кейбір мәзірлер дисплейде шықпауы мүмкін. Мұндай жағдайда, ол құрылғыда қолданыла алмайды.
- Бастапқы экрандағы  (Справка) немесе  (жылдам мәзір) басыңыз, содан кейін білгіңіз келген опцияның үстінен басыңыз.

Жабдықтардың қызмет көрсету мерзімін және басып шығару есебін тексеруге болады.

Бастапқы экранда **Настройки > Управление** немесе **Прилож.** тармағын басыңыз.

Срок служ.расх.мат

Бұл функция әрбір жабдықтың қалған пайызын тексеруге мүмкіндік береді.

ex) Тонер картриджі / көшірме картриджі

Отчет

Бұл функция құрылғы арқылы қамтамасыз етілген барлық есептерді басып шығаруға мүмкіндік береді. Осы есептерді құрылғыға техникалық қызмет көрсету үшін пайдалануға болады.



Бұл функцияны SyncThru™ Web Service арқылы да пайдалануға болады. Желіге қосылған компьютерде Веб шолғышты ашып, құрылғыңыздың IP мекенжайын енгізіңіз. SyncThru™ Web Service терезесі ашылғанда **Информация > Печать информации** тармағын таңдаңыз (184-беттегі "Информация қойындысы" бөлімін қараңыз).

- **Система**
 - Настройка:** Құрылғының конфигурациясы туралы ақпаратты көру үшін басып шығарыңыз. Оған өнім туралы ақпарат, нұсқа туралы ақпарат, өнім параметрі және қағаз параметрі кіреді.
 - Сведения о расходных материалах:** Әрбір жабдықтың қалған пайызын тексеру үшін басып шығарыңыз.
 - Счетчик использования:** Орындалған тапсырмалар есебін тексеру үшін басып шығарыңыз. Оған басып шығару қолданысы, сканерлеу қолданысы және факс қолданысы кіреді.
 - Демо страница:** Құрылғының тиісті түрде жұмыс істеп тұрғанын тексеру үшін демонстрациялақ бетті басып шығарыңыз. Сондай-ақ A4 немесе Letter пішімін таңдауға болады.

-**Сведения об ошибке:** Құрылғыда орын алған қателерді тексеру үшін басып шығарыңыз. Оған қате түрлері мен есептер кіреді.

-**Конфигурация сети:** Желі конфигурациясы туралы ақпаратты көру үшін басып шығарыңыз. TCP/IP, Raw TCP/IP және LPD ақпараты сияқты желі конфигурациясының ақпараты басып шығарылады.

-**Учетная запись:** Тіркелгі тізімін көру үшін басып шығарыңыз.

- **Отправить:**

-**Отправить подтверждение:** Құрылғыны жіберу әрекетінің сәтті аяқталған-аяқталмағаны туралы есепті басып шығару үшін орнатуға болады.

-**Факс принят:** Алынған факстар тізімін тексеру үшін басып шығарыңыз.

-**Факс отправлен:** Жіберілген факстар тізімін тексеру үшін басып шығарыңыз.

-**Запланированные задания факса:** Жоспарланған факс тапсырмаларының тізімін тексеру үшін басып шығарыңыз.

-**Сооб. эл. поч. отпр.: Сканир. на эл. Почту** тапсырмасының тасымалдау күйін тексеру үшін басып шығарыңыз.

- **Шрифт:**



-**Шрифты PCL:** PCL қаріп тізімін көру үшін басып шығарыңыз.

-**Список шрифтов PS:** PS қаріп тізімін көру үшін басып шығарыңыз.

Параметры сети

Бұл опция желі параметрлері функцияларын орнатуда.



- Опциялар мен үлгілерге байланысты дисплейде кейбір мәзірлер пайда болмауы мүмкін. Мұндай жағдайда, ол құрылғыда қолданыла алмайды.
- Бастапқы экрандағы  (**Справка**) немесе  (жылдам мәзір) басыңыз, содан кейін білгіңіз келген опцияның үстінен басыңыз.

Бастапқы экраннан **Настройки > Настройки сети** немесе **Прилож.** басыңыз.

Ethernet

Функция	Сипаттама
Порт Ethernet	Ethernet портын қосуға/өшіруге болады.
Скорость сети Ethernet	Ethernet желісінің жылдамдық режимін таңдауға болады.
MAC-адрес	Құрылғының MAC мекенжайын көрсетеді.
Параметры IP	TCP/IPv4 IP параметрін орнатуға болады.

Функция	Сипаттама
Конфигурация DNS	DNS параметрін орнатуға болады.
WINS	WINS серверін теңшеуге болады.
Показать IP-адрес	Бастапқы экранда IP мекенжайын көрсету үшін құрылғыны орнатуға болады.
Протокол	IPv6 протоколын қосуға/өшіруге болады.
Адрес IPv6	IPv6 мекенжайының түрлерін орнатуға болады.
Конфигурация DHCPv6	DHCPv6 конфигурациясын орнатуға болады.
Уникальный идентификатор DHCP	DHCP бірегей идентификаторын көрсетіңіз.
802.1x	802.1x қауіпсіздігін қосуға/өшіруге болады.
Метод проверки подлинности 802.1x	Пайдалану үшін аутентификация алгоритмін таңдауға болады.
Идентификатор ассоциации идентичности DHCPv6	DHCP ұқсастық ассоциациясының идентификаторын көрсетіңіз.

Параметры сети

TCP/IPv4

IPv4 параметрлерін орнатуға болады.

- **Параметры IP:** IP мекенжайларын тағайындау әдісін таңдауға болады.
 - Статич.:** IP мекенжайын/Ішкі желі бетпердесін/ Шлюз мекенжайын қолмен енгізу үшін таңдаңыз.
 - BOOTP:** IP мекенжайы/Ішкі желі бетпердесі/ Шлюз мекенжайы BOOTP сервері арқылы автоматты түрде тағайындалады.
 - DHCP:** IP мекенжайы/Ішкі желі бетпердесі/ Шлюз мекенжайы DHCP сервері арқылы автоматты түрде тағайындалады.
- **Конфигурация DNS:** DNS серверін теңшеуге болады.
 - Имя узла:** Хост атауын енгізіңіз. 63 таңбаға дейін енгізуге болады. Әдепкі атауы - "**SEC[MAC address]**".
 - Имя домена:** Домен атауын енгізіңіз. 128 таңбаға дейін енгізуге болады.
 - Основной сервер DNS:** Негізінен пайдалану қажет DNS серверінің мекенжайын енгізіңіз.
 - Дополнительный сервер DNS:** Балама ретінде пайдалану қажет DNS серверінің мекенжайын енгізіңіз.
 - Динамическая регистрация DNS:** Пайдалану қажет болса, динамикалық DNS тіркелімінің құсбелгілерін тексеріңіз. Егер бұл опция тексерілсе, құрылғы хост атауы мен домен атауын теңшелген DNS серверлеріне динамикалық түрде тіркейді. Сонымен қоса, осы опция тексеріліп, DHCP таңдалса, DHCP FQDN опциялары автоматты түрде өшіріледі.

- **WINS:** WINS серверін теңшеуге болады. WINS сервері Windows операциялық жүйесінде пайдаланылады. Осы опцияны таңдаңыз.
- **Показать IP-адрес:** Хабарландыру тақтасында IP мекенжайын көрсету үшін құрылғыны орнатуға болады. Егер осы опцияны таңдасаңыз, IP мекенжайы Хабарландыру тақтасында көрсетіледі.

TCP/IPv6

IPv6 параметрлерін орнатуға болады.

- **Протокол:** Жүйеде IPv6 протоколын пайдалану үшін басыңыз. Өзгерісті қолдану үшін құрылғыны қайта іске қосыңыз.
- **Адрес IPv6:** IPv6 мекенжайы түрлерін көрсетеді.
 - Локальный адрес канала:** Бұл - FE80 префикс мәнімен қосылатын IPv6 мекенжайы. Бұл мекенжайда жергілікті арна аумағы қамтылған және ол автоматты түрде құрылады.
 - Адрес без отслеживания состояния:** Бұл - маршрутизатордың ұсынылатын префиксі мен интерфейс идентификаторы арқылы пішімделетін IPv6 мекенжайы. Ethernet сияқты интерфейсте, әдетте интерфейс идентификаторы құрылғының MAC мекенжайынан алынады. Ұсынылатын префикс маршрутизатор конфигурацияларына байланысты болады.



Маршрутизатор хабарламасы үшін бірнеше мекенжай теңшелуі мүмкін, бірақ олардың біреуі ғана дисплей экранында көрсетіледі.

Параметры сети

-**Адрес с отслеживанием состояния:** Бұл - DHCPv6 сервері арқылы алынатын IPv6 мекенжайы.

-**Ввод адреса вручную:** Бұл - әкімші қолмен теңшей алатын IPv6 мекенжайы.

- **Конфигурация DHCPv6:** Пайдалану қажет DHCPv6 конфигурациясын таңдаңыз.

-**Использовать DHCP, указанный маршрутизатором:** DHCPv6, маршрутизатор DHCPv6 пайдалану туралы хабарлаған кезде қосылады.

-**Всегда включать DHCP:** Маршрутизатор хабарламасына қарамастан, IPv6 мекенжайын алу үшін DHCPv6 пайдаланыңыз.

-**Никогда не использовать DHCP:** DHCPv6 өшіреді.

- **Уникальный идентификатор DHCP:** DHCP бірегей идентификаторын көрсетіңіз.
- **Идентификатор ассоциации идентичности DHCP:** DHCP ұқсастық ассоциациясының идентификаторын көрсетіңіз.

802.1x

Портқа негізделген аутентификация болып табылатын 802.1x аутентификациясын қосуға болады. Егер осы аутентификация қосылса, құрылғыға рұқсат берілмегенше желінің қорғалған жағы арқылы қатынасуға құрылғыға мүмкіндік берілмейді. Осы функцияны желіні қорғау үшін пайдаланыңыз.

- **802.1x :** Осы функцияны қосу үшін тексеріңіз.
- **802.1x Authentication Method:** Пайдалану үшін аутентификация алгоритмін таңдаңыз.
 - EAP-MD5:** Минималды қауіпсіздікті ұсынады. MD5 хәшінің функциясы сөздік шабуылдары үшін әлсіз және кілттің құрылуына қолдау көрсетпейді.
 - PEAP:** Microsoft жұмыс үстелінің клиенттері мен серверлерін пайдалануға ниеттенген ғана пайдаланушылар үшін ұсынылады. Басқа пайдаланушылар үшін ұсынылмайды.
 - EAP-MS-CHAPv2:** MS-CHAPv2, жауап бумасы бар тең құқылы желі пайдаланушысының шақыру хабарын және табыс бумасындағы аутентификатордың жауап хабарын біріктіру арқылы екі жақты аутентификацияны қамтамасыз етеді.
 - TLS:** Клиент пен сервер арасында интернет арқылы қауіпсіздік байланысын қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

Параметры сети

Wi-Fi

Wi-Fi мәзірі тек қосымша сымсыз/NFC жинағы орнатылған кезде ғана қолжетімді. (365-беттегі "Сымсыз желіні орнату (қосымша)" қараңыз).

Wi-Fi мәзіріндегі қосымша мәзірлер Ethernet мәзіріндегі қосымша мәзірлерге шамамен ұқсас (338-беттегі "Ethernet" қараңыз).

Функция	Сипаттама
Сети Wi-Fi	Машина сымсыз желіге қосылған соң SSID қатынас орны (маршрутизатор) дисплей экранында пайда болады.
Настройки WPS	Құрылғы және қатынас орны Wi-Fi Protected Setup™ (WPS) протоколын қолдаса, онда сымсыз желі параметрлерін Настройки WPS мәзірі арқылы компьютер көмегінсіз оңай теңшеуге болады.
Wi-Fi Direct	Wi-Fi Direct дегеніміз Wi-Fi Direct функциясына қосылған принтер және ұялы құрылғы арасындағы қауіпсіз және пайдалануға оңай бір дәрежелі байланыс болып табылады.

Желілік протокол

Қажет желілік протоколды қосуға/өшіруге болады

Network Security



Бұл опцияларды тек SyncThru™ Web Service ішінен іске қосып, теңшеуге болады (187-беттегі "Безопасн. қойындысы" бөлімін қараңыз).

Функция	Сипаттама
IPSec	IPSec SyncThru™ Web Service ішінде іске қосылған жағдайда оны өшіруге болады.
Фильтрация сети	Желінің сүзу опцияларын SyncThru™ Web Service ішінде іске қосылған жағдайда оны өшіруге болады.

- **IPSec:** IP қауіпсіздік параметрлерін өшіруге болады.
- **Фильтрация сети:**
 - MAC-фильтрация** : MAC сүзуді өшіріңіз.
 - Фильтрация IPv4** : IPv4 сүзуді өшіріңіз.



Параметры сети

-Фильтрация IPv6 : IPv6 сүзуді өшіріңіз.

NFC

NFC қосуға/өшіруге болады. Қосымша сымсыз/NFC жинағы орнатылған кезде NFC мүмкіндігі қолжетімді (374-беттегі "NFC пайдалану мүмкіндігі (қосымша)" қараңыз).



- Параметрлерге немесе модельдерге байланысты кейбір мәзірлер дисплейде шықпауы мүмкін. Егер солай болса, ол құрылғыға сәйкес келмейді.
- Бастапқы экрандағы  (Справка) немесе  (жылдам мәзір) басыңыз, содан кейін білгіңіз келген опцияның үстінен басыңыз.

Дата и время

Уақыт пен күнді орнатқан кезде, ол кейінге қалдырылған факс/басып шығару тапсырмаларын жіберу/басып шығару үшін пайдаланылады немесе есептерде басып шығарылады. Алайда, олар дұрыс болмаған жағдайда оны дұрыс уақытқа өзгерту қажет болады.

Жүйе туралы

Машинадағы жабдық конфигурациясы, жүйе мүмкіндіктері мен қамтым нұсқасын көруге болады.

құрылғы туралы толық мәлімет

Құрылғы туралы толық ақпаратты тексеруге болады. Құрылғыға қызмет көрсетуде көмек ретінде орнатылған жабдық пен бағдарламалық жасақтама нұсқаларының күйін тексеріңіз. Соңғы бағдарламалық жасақтаманы Samsung веб-торабынан жүктеп алуға болады (<http://www.samsung.com/printer> > өніміңізді табу > қолдау көрсету немесе жүктеп алу).

- **Конфигурация В/Ш:** Қосымша бөлшектерді қосқанда орнатылған жабдықтың күйін көрсетеді.
- **Возможность:** Жабдықтың мүмкіндіктерін көрсетеді.
- **Версии ПО:** Орнатылған жүйелердің бағдарламалық жасақтамасының нұсқаларын көрсетеді.

Специальные возможности

Құрылғыны пайдалану әдісін оңайлату үшін теңшеуге мүмкіндік береді. Бұл мәзірде, құрылғы пайдаланушыларға бұрынғыдан да қолжетімді болатындай түрлі дыбыстарды, өзара әрекеттестікті және дисплей опцияларын өзгерте аласыз.

Контактная информация

Осы функция қызмет көрсету орталығы туралы ақпаратты және пайдаланушылар көмек ала алатын ақпарат көзін көруге мүмкіндік береді. Егер жүйеге әкімші ретінде кірсеңіз, байланыс ақпаратын өзгерте аласыз.


- **Системные администратора:** Әкімшінің байланыс ақпаратын тексеріңіз.
- **Поддер. SAMSUNG:** Қызмет көрсету орталығының ақпаратын тексеріңіз.



3. Настройка сети

Бұл тарауда құрылғыны пайдаланбас бұрын желі ортасын орнатуға арналған бірізді нұсқаулар берілген. Желі ортасын орнату үшін пайдаланылатын терминдермен таныс болуыңыз қажет. Түсінбеген терминдерді глоссарийден қараңыз (416-беттегі "Глоссарий").

- Желілік орта 346
- Желі орнатуына қатынасу 347
- Желі параметрлері (TCP/IP теңшеу) 348
- Басып шығару параметрлері (желілік басып шығару үшін орнатуға арналған порттар) 352
- Протоколдарды орнату 353
- Желіні сүзу параметрлері 354
- Желі арқылы драйверді орнату 355
- Сымсыз желіні орнату (қосымша) 365
- NFC пайдалану мүмкіндігі (қосымша) 374
- Қолдау көрсетілетін мобильді бағдарламалар 385
- AirPrint 387
- Google Cloud Print™ 389



Желілік орта

Желіні құрылғыдағы сәйкес портқа желі кабелін жалғағаннан кейін пайдалануыңызға болады.

Желілік құрылғы ретінде пайдалану үшін құрылғыға желілік протоколдарды орнату қажет. Құрылғының басқару тақтасы арқылы негізгі желі параметрлерін орнатуға болады.

Келесі кестеде құрылғы қолдайтын желілік орталар көрсетілген:

Элемент	Сипаттама
Желілік интерфейс	<ul style="list-style-type: none">• Ethernet 10/100/1000 Base-TX сымды жергілікті желісі• Желілік интерфейс 802.11b/g/n сымсыз жергілікті желі және Near Field Communication (NFC)^a
Желілік операциялық жүйе	<ul style="list-style-type: none">• Windows® XP, Windows Server® 2003, Windows Vista®, Windows® 7, Windows 8, Windows Server® 2008 R2• Өртүрлі Linux операциялық жүйелері• Өртүрлі Unix операциялық жүйелері• Mac OS X 10.5 - 10.9• Novell NetWare 5.x - 6.x

Элемент	Сипаттама
Желілік протоколдар	<ul style="list-style-type: none">• TCP/IPv4• DHCP, BOOTP• DNS, WINS, Bonjour, SLP, UPnP• Стандартты TCP/IP Басып шығару (RAW), LPR, IPP• FTP, SMB, SMTP, WSD• LDAP, Kerberos, 802.1x• SNMPv 1/2/3, HTTP, IPSec• TCP/IPv6 (DHCP, DNS, RAW, LPR, SNMPv 1/2/3, HTTP, IPSec)

а. Қосымша құрылғы

Желі орнатуына қатынасу

- 1 Ethernet кабелінің құрылғыға жалғанғанына көз жеткізіңіз.
- 2 Бастапқы экрандағы **Настройки** > **Настройки сети** > **Ethernet** тармағын немесе **Прилож.** параметрін басыңыз.
- 3 Жүйеге әкімші ретінде кіріңіз (318-беттегі "жүйеге кіру" бөлімін қараңыз).

Желі параметрлері (TCP/IP теңшеу)

Құрылғыны желіге қосқан кезде, алдымен құрылғының TCP/IP параметрлерін теңшеу қажет. Төменде көрсетілген параметрлер - құрылғыны желілік құрылғы ретінде пайдалану үшін қажетті негізгі параметрлер. TCP/IP, DNS сервері, TCP/IPv6, Ethernet және IP мекенжайы тағайындау әдістерін орнатуға болады.

Ethernet

Ethernet параметрлерін орнатуға болады.

Бастапқы экрандағы **Настройки > Настройки сети > Ethernet** тармағын немесе **Прилож.** параметрін басыңыз.



Бұл функцияны SyncThru™ Web Service арқылы да пайдалануға болады. Желіге қосылған компьютерде Веб шолғышты ашып, құрылғыңыздың IP мекенжайын енгізіңіз (185-беттегі "Настройки қойындысы" бөлімін қараңыз).

- **Порт Ethernet:** Ethernet портын қосуға/өшіруге болады.
- **Скорость сети Ethernet:** Ethernet желісінің жылдамдық режимін таңдаңыз.
- **MAC-адрес:** Құрылғының MAC мекенжайын көрсетеді.

TCP/IP протоколы

IPv4 параметрлерін орнатуға болады.

Бастапқы экрандағы **Настройки > Настройки сети > Ethernet > TCP/IPv4** тармағын басыңыз немесе **Прилож.** параметрін басыңыз.



Бұл функцияны SyncThru™ Web Service арқылы да пайдалануға болады. Желіге қосылған компьютерде Веб шолғышты ашып, құрылғыңыздың IP мекенжайын енгізіңіз (185-беттегі "Настройки қойындысы" бөлімін қараңыз).

IP Setting

IP мекенжайларын тағайындау әдісін таңдауға болады.

- **Статич.:** IP мекенжайын/Ішкі желі бетпердесін/ Шлюз мекенжайын қолмен енгізу үшін таңдаңыз.
- **BOOTP:** IP мекенжайы/Ішкі желі бетпердесі/ Шлюз мекенжайы BOOTP сервері арқылы автоматты түрде тағайындалады.
- **DHCP:** IP мекенжайы/Ішкі желі бетпердесі/ Шлюз мекенжайы DHCP сервері арқылы автоматты түрде тағайындалады.

Желі параметрлері (TCP/IP теңшеу)

DNS Configuration

DNS серверін теңшеуге болады.

- **Имя узла:** Хост атауын енгізіңіз. 63 таңбаға дейін енгізуге болады. Әдепкі атауы - "**SEC[MAC address]**".
- **Имя домена:** Домен атауын енгізіңіз. 128 таңбаға дейін енгізуге болады.
- **Основной сервер DNS:** Негізінен пайдалану қажет DNS серверінің мекенжайын енгізіңіз.
- **Дополнительный сервер DNS:** Балама ретінде пайдалану қажет DNS серверінің мекенжайын енгізіңіз.
- **Динамическая регистрация DNS:** Пайдалану қажет болса, динамикалық DNS тіркелімінің құсбелгілерін тексеріңіз. Егер бұл опция тексерілсе, құрылғы хост атауы мен домен атауын теңшелген DNS серверлеріне динамикалық түрде тіркейді. Сонымен қоса, осы опция тексеріліп, DHCP таңдалса, DHCP FQDN опциялары автоматты түрде өшіріледі.

WINS (Компьютер атауларын IP мекенжайымен салыстыру қызметі)

WINS серверін теңшеуге болады. WINS сервері Windows операциялық жүйесінде пайдаланылады. Осы опцияны таңдаңыз.

IP мекенжайын көрсету

Хабарландыру тақтасында IP мекенжайын көрсету үшін құрылғыны орнатуға болады. Егер осы опцияны таңдасаңыз, IP мекенжайы Хабарландыру тақтасында көрсетіледі.

TCP/IPv6

IPv6 параметрлерін орнатуға болады.

Бастапқы экрандағы **Настройки > Настройки сети > Ethernet > TCP/IPv6** тармағын басыңыз немесе **Прилож.** параметрін басыңыз.



Бұл функцияны SyncThru™ Web Service арқылы да пайдалануға болады. Желіге қосылған компьютерде Веб шолғышты ашып, құрылғыңыздың IP мекенжайын енгізіңіз (185-беттегі "Настройки койындысы" бөлімін қараңыз).

- **Протокол:** Жүйеде IPv6 протоколын пайдалану үшін басыңыз. Өзгерісті қолдану үшін құрылғыны қайта іске қосыңыз.
- **Адрес IPv6:** IPv6 мекенжайы түрлерін көрсетеді.
 - Локальный адрес канала:** Бұл - FE80 префикс мәнімен қосылатын IPv6 мекенжайы. Бұл мекенжайда жергілікті арна аумағы қамтылған және ол автоматты түрде құрылады.

Желі параметрлері (ТСР/Р теңшеу)

-Адрес без отслеживания состояния: Бұл - маршрутизатордың ұсынылатын префиксі мен интерфейс идентификаторы арқылы пішімделетін IPv6 мекенжайы. Ethernet сияқты интерфейсте, әдетте интерфейс идентификаторы құрылғының MAC мекенжайынан алынады. Ұсынылатын префикс маршрутизатор конфигурацияларына байланысты болады.



Маршрутизатор хабарламасы үшін бірнеше мекенжай теңшелуі мүмкін, бірақ олардың біреуі ғана дисплей экранында көрсетіледі.

-Адрес с отслеживанием состояния: Бұл - DHCPv6 сервері арқылы алынатын IPv6 мекенжайы.

-Ввод адреса вручную: Бұл - әкімші қолмен теңшей алатын IPv6 мекенжайы.

- **Конфигурация DHCPv6:** Пайдалану қажет DHCPv6 конфигурациясын таңдаңыз.

-Использовать DHCP, указанный маршрутизатором: DHCPv6, маршрутизатор DHCPv6 пайдалану туралы хабарлаған кезде қосылады.

-Всегда включать DHCP: Маршрутизатор хабарламасына қарамастан, IPv6 мекенжайын алу үшін DHCPv6 пайдаланыңыз.

-Никогда не использовать DHCP: DHCPv6 өшіреді.

- **Уникальный идентификатор DHCPv6:** Клиенттер DHCPv6 серверінен IP мекенжайын алу үшін, DHCP бірегей идентификаторын (DUID) пайдаланады. Сервер дерекқордан DUID іздеп, сәйкес теңшеу деректерін (мекенжай, жалдау уақыттары, DNS серверлері және т.б.) клиентке жеткізеді.
- **Идентификатор ассоциации идентичности DHCPv6:** Әр интерфейсте интерфейс бірі немесе бірнеше IP мекенжайымен байланыстыратын ұқсастық ассоциациясының идентификаторы (IAID) деп аталатын идентификатор бар. DHCPv6 серверіндегі әр тағайындауға DUID және IAID жұбы кіреді.

802.1x

Портқа негізделген аутентификация болып табылатын 802.1x аутентификациясын қосуға болады. Егер осы аутентификация қосылса, құрылғыға рұқсат берілмегенше желінің қорғалған жағы арқылы қатынасуға құрылғыға мүмкіндік берілмейді. Осы функцияны желіні қорғау үшін пайдаланыңыз.

Желі параметрлері (ТСР/ІР теңшеу)

Бастапқы экрандағы **Настройки > Настройки сети > Ethernet > 802.1x** тармағын басыңыз немесе **Прилож.** параметрін басыңыз.

- **802.1x** : Осы функцияны қосу үшін тексеріңіз.
- **802.1x Метод аутентификации:** Пайдалану үшін аутентификация алгоритмін таңдаңыз.
 - EAP-MD5:** Минималды қауіпсіздікті ұсынады. MD5 хэшінің функциясы сөздік шабуылдары үшін әлсіз және кілттің құрылуына қолдау көрсетпейді.
 - PEAP:** Microsoft жұмыс үстелінің клиенттері мен серверлерін пайдалануға ниеттенген ғана пайдаланушылар үшін ұсынылады. Басқа пайдаланушылар үшін ұсынылмайды.
 - EAP-MS-CHAPv2:** MS-CHAPv2, жауап бумасы бар тең құқылы желі пайдаланушысының шақыру хабарын және табыс бумасындағы аутентификатордың жауап хабарын біріктіру арқылы екі жақты аутентификацияны қамтамасыз етеді.
 - TLS:** Клиент пен сервер арасында интернет арқылы қауіпсіздік байланысын қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

Басып шығару параметрлері (желілік басып шығару үшін орнатуға арналған порттар)

Порттарды басып шығару кезінде пайдалану үшін орнатуға болады. Желі арқылы басып шығару қажет болса, келесі порттарды таңдау қажет.

Бастапқы экрандағы **Настройки > Управление > Отчет > Конфигурация сети** тармағын немесе **Прилож.** параметрін басыңыз, содан кейін **Печать** опциясын басыңыз.



Бұл функцияны SyncThru™ Web Service арқылы да пайдалануға болады. Желіге қосылған компьютерде Веб шолғышты ашып, құрылғыңыздың IP мекенжайын енгізіңіз (348-беттегі "Желі параметрлері (TCP/IP теңшеу)" бөлімін қараңыз).

Протоколдарды орнату

Протоколдарды (**Стандартный TCP/IP**, **LPR**, **IPP**, **ThinPrint**, **CIFS**, **SNTP** (Уақытты синхрондауға арналған қарапайым желілік протокол), **SLP** (Қызметтерді табу протоколы), **Telnet**, **SNMP V1/V2** (Желіні басқаруға арналған қарапайым протокол), **SNMPv3**, **UPnP(SSDP)** протоколы және **mDNS** (Топтық домендік атау жүйесі), **SetIP** және **HTTP**) қосуға/өшіруге болады.

Бастапқы экраннан немесе **Прилож.** мәзірінен **Настройки > Настройки сети > Сетевой протокол** таңдаңыз.



Бұл функцияны SyncThru™ Web Service арқылы да пайдалануға болады. Желіге қосылған компьютерде Веб шолғышты ашып, құрылғыңыздың IP мекенжайын енгізіңіз (185-беттегі "Настройки қойындысы" бөлімін қараңыз).

Желіні сүзу параметрлері

Құрылғыға қосылған байланыстағы тізімделмеген IP немесе MAC мекенжайларынан қорғау үшін құрылғыны орнатуға болады.

Жалпы желіні сүзу параметрлерін орнатуға болады

Бастапқы экрандағы **Настройки > Настройки сети > Безопасность сети > Фильтрация сети** тармағын немесе **Пр.** параметрін басыңыз.



Бұл функцияны SyncThru™ Web Service арқылы да пайдалануға болады. Желіге қосылған компьютерде Веб шолғышты ашып, құрылғыңыздың IP мекенжайын енгізіңіз (185-беттегі "Настройки қойындысы" бөлімін қараңыз).

- **MAC-фильтрация** : MAC сүзуді өшіріңіз.
- **Фильтрация IPv4** : IPv4 сүзуді өшіріңіз.
- **Фильтрация IPv6** : IPv6 сүзуді өшіріңіз.

Желі арқылы драйверді орнату

Басып шығару үшін принтер драйверінің бағдарламалық жасақтамасын орнату керек. Бұл бағдарламалық жасақтамада драйверлер, қолданбалар және басқа да қосымша бағдарламалар бар.

Құрылғы үшін желіні орнату процедурасы аяқталғанына көз жеткізіңіз. Орнатуды бастамас бұрын компьютердегі барлық қолданбалар жабық болуы керек.

Желі арқылы драйверді орнату

Windows

- 1 Құрылғының желіге қосылғанын және қуат көзіне қосылғанына көз жеткізіңіз. Сонымен қатар құрылғының IP мекенжайы орнатылуы керек.
- 2 Берілген бағдарламалық жасақтама ықшам дискісін CD-ROM жетегіне енгізіңіз.



Орнату терезесі пайда болмаса, **Пуск > Все программы > Принадлежности > Запуск** пәрменін басыңыз.

X:\Setup.exe файлы "X" мәнін әріппен алмастырады, бұл CDROM дискісін білдіреді, содан кейін **ОК** түймесін басыңыз.

•Windows 8 жүйесі үшін,

Орнату терезесі пайда болмаса, **Charms (Чудо-кнопки)** ішінен **Поиск > Приложения** пәрмендерін таңдап, **Запуск** пәрменін іздеңіз. X:\Setup.exe деп «X» әрпінің орнына CD-ROM дискжетектің әрпін теріп, **ОК** түймесін басыңыз.

Егер "**Нажмите, чтобы выбрать то, что происходит с этим диском.**" қалқымалы терезесі пайда болса, терезені

басыңыз және **Run Setup.exe** файлын таңдаңыз.

- 3 Орнату терезесіндегі орнату келісім-шарттарын қараңыз және қабылдаңыз. Содан кейін **Далее** түймесін басыңыз.
- 4 **Тип подключения принтера** экранындағы **Сеть** опциясын таңдаңыз. Содан кейін **Далее** түймесін басыңыз.
- 5 Орнату терезесіндегі нұсқауларды орындаңыз.

Windows 8 Пуск экранынан



- Егер компьютер Интернетке қосылған болса, V4 драйвері Windows Update торабынан автоматты түрде жүктеледі. Олай болмаса, V4 драйверін Samsung веб-торабынан қолмен жүктеуге болады, www.samsung.com > өніміңізді табыңыз > Қолдау немесе жүктеулер.
- **Samsung Printer Experience** бағдарламасын Windows Store бағдарламасынан жүктеуге болады. WindowsStore бағдарламасын пайдалану үшін, сізде Microsoft тіркелгісі болуы керек.
 - a **Экспресс-кнопки** ішінен **Поиск** түймесін таңдаңыз.
 - b **Store** түймесін басыңыз.
 - c **Samsung Printer Experience** бағдарламасын іздеп, басыңыз.
 - d **Установить** түймесін басыңыз.

Желі арқылы драйверді орнату


- Егер драйверді берілген бағдарламалық жасақтама ықшам дискісін пайдалану арқылы орнатсаңыз, V4 драйвері орнатылмайды. V4 драйверін **Рабочий стол** экранында пайдалануды қаласаңыз, Samsung веб-торабынан жүктеуіңізге болады, www.samsung.com > өніміңізді табыңыз > Қолдау немесе жүктеулер.
- Samsung принтерінің басқару құралдарын орнатуды қаласаңыз, оларды берілген бағдарламалық жасақтама ықшам дискі көмегімен орнатуыңыз қажет.

1 Құрылғының желіге қосылғанын және қуат көзіне қосылғанына көз жеткізіңіз. Сонымен қатар құрылғының IP мекенжайы орнатылуы керек.

2 **Charms (Чудо-кнопки)** ішінен **Параметры > Изменение параметров компьютера > Устройства** тармағын таңдаңыз.

3 **Добавить устройство** түймесін басыңыз.
Табылған құрылғылар экранға шығады.

4 Пайдаланғыңыз келген үлгі атауын немесе хост атауын басыңыз.

 Құрылғының басқару тақтасынан құрылғының ағымдағы хост атауын көрсететін "Желі теңшелімі туралы есепті" басып шығара аласыз.

5 Драйвер **Центр обновления Windows** торабынан автоматты түрде орнатылады.

Тыныш орнату режимі

Тыныш орнату режимі – ешбір пайдаланушы араласуын қажет етпейтін орнату әдісі. Орнатуды бастағанда, құрылғы драйвері мен бағдарламалық жасақтама компьютерге автоматты түрде орнатылады. Тыныш орнатуды пәрмен терезесінде **/s** немесе **/S** енгізіп бастауға болады.

Параметры командной строки


Келесі кестеде пәрмен терезесінде пайдалануға болатын пәрмендер көрсетілген.




Келесі пәрмен жолы пәрмен **/s** немесе **/S** таңбаларымен бірге пайдаланғанда тиімді және іске қосылады. Бірақ **/h**, **/H** немесе **/?** тек басқаруға болатын ерекше пәрмендер.

Пәрмен жолы	Анықтама	Сипаттама
/s немесе /S	Тыныш орнатуды бастайды.	Ешбір пайдаланушы интерфейстері немесе пайдаланушы араласуын шақырмай құрылғы драйверлерін орнатады.

Желі арқылы драйверді орнату

Пәрмен жолы	Анықтама	Сипаттама
<code>/p"<port name>"</code> немесе <code>/P"<port name>"</code>	<p>Принтер портын көрсетеді.</p> <div style="border: 1px solid #ccc; padding: 5px; margin-top: 10px;">  Желілік порт стандартты TCP/IP порт мониторын пайдалана отырып жасалады. Жергілікті порт үшін бұл порт жүйеде пәрмен арқылы көрсетуден бұрын болуы керек. </div>	<p>Принтер портының атауын IP мекенжайы, хост атауы, жергілікті USB портының атауы, IEEE1284 портының атауы немесе желілік жол ретінде көрсетуге болады.</p> <p>Мысалы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <code>/p"xxx.xxx.xxx.xxx"</code> мұндағы "xxx.xxx.xxx.xxx" желілік принтердің IP мекенжайын білдіреді. <code>/p"USB001"</code>, <code>/P"LPT1:"</code>, <code>/p"hostname"</code> <code>/p"\\computer_name\shared_printer"</code> немесе <code>"\\xxx.xxx.xxx.xxx\shared_printer"</code> мұндағы <code>"\\computer_name\shared_printer"</code> немесе <code>"\\xxx.xxx.xxx.xxx\shared_printer"</code> екі қиғаш сызықты, компьютер атауын немесе принтерді ортақ пайдаланатын компьютердің жергілікті IP мекенжайын, содан кейін принтердің ортақ атауын орнату арқылы

Пәрмен жолы	Анықтама	Сипаттама
<code>/a"<dest_path>"</code> немесе <code>/A"<dest_path>"</code>	<p>Орнату үшін мақсатты жолды көрсетеді.</p> <div style="border: 1px solid #ccc; padding: 5px; margin-top: 10px;">  Мақсатты жол толығымен жарамды жол болуы керек. </div>	<p>Құрылғы драйверлерін тек операциялық жүйеге сай орынға орнату керек болғандықтан, бұл пәрмен тек қолданбалы бағдарламалық жасақтамаға қолданылады.</p>
<code>/n"<Printer name>"</code> немесе <code>/N"<Printer name>"</code>	<p>Принтер атауын көрсетеді. Принтер үлгісін көрсетілген принтер атауы ретінде жасау керек.</p>	<p>Бұл параметр көмегімен қалағаныңызша принтер үлгілерін қоса аласыз.</p>

Желі арқылы драйверді орнату

Пәрмен жолы	Анықтама	Сипаттама
/nd немесе /ND	Орнатылған драйверді әдепкі құрылғы драйвері етіп орнатпауға пәрмен береді.	Бұл бір немесе одан көп принтер драйверлері орнатылған болса, орнатылған құрылғы драйвері жүйедегі әдепкі құрылғы драйвері болмайтынын көрсетеді. Жүйеде құрылғы драйвері орнатылмаған болса, онда бұл опция қолданылмайды, себебі Windows операциялық жүйесі орнатылған принтер драйверін әдепкі құрылғы драйвері ретінде орнатады.
/x немесе /X	Әлдеқашан орнатылған болса, принтер үлгісін жасау үшін бар құрылғы драйверінің файлдарын пайдаланады.	Бұл пәрмен қосымша драйверді орнатусыз орнатылған принтер драйверінің файлдарын пайдаланатын принтер үлгісін орнату жолын қамтамасыз етеді.

Пәрмен жолы	Анықтама	Сипаттама
/up"<printer name>" немесе /UP"<printer name>"	Драйвер файлдарын емес, ал тек көрсетілген принтер үлгісін жояды.	Бұл пәрмен басқа принтер драйверлеріне әсер етпестен, жүйеден тек көрсетілген принтер үлгісін жою тәсілімен қамтамасыз етеді. Ол жүйеден принтер драйверінің файлдарын жоймайды.
/d немесе /D	Жүйеден бүкіл құрылғы драйверлерін және қолданбаларды жояды.	Бұл пәрмен жүйеден барлық орнатылған құрылғы драйверлерін және қолданбалы бағдарламалық жасақтаманы жояды.
/v"<ортақ атау>" немесе/V"<ортақ атау>"	Орнатылған құрылғыны ортақ пайдаланады және "көрсету және басып шығару" үшін басқа қолжетімді платформа драйверлерін қосады.	Ол жүйеге барлық қолдау көрсетілетін Windows операциялық жүйесі платформасының құрылғы драйверлерін орнатады және оны "көрсету және басып шығару" үшін көрсетілген <ортақ атаумен> ортақ пайдаланады.

Желі арқылы драйверді орнату

Пәрмен жолы	Анықтама	Сипаттама
/o немесе /O	Орнатудан кейін Принтеры и факсы қалтасын ашады.	Бұл пәрмен тыныш орнатудан кейін Принтеры и факсы қалтасын ашады.
/h, /H немесе /?	Пәрмен жолын пайдалануды көрсетеді.	

Mac

- 1 Құрылғының желіге және қуат көзіне қосылғанына көз жеткізіңіз.
- 2 Берілген бағдарламалық жасақтама ықшам дискісін CD-ROM жетегіне енгізіңіз.



- 3 Mac жұмыс үстелінде шығатын CD-ROM белгішесін екі рет басыңыз.
 - Mac OS X 10.8 үшін Іздеу жүйесінде пайда болатын CD-ROM екі рет басыңыз.
- 4 **MAC_Installer** қалтасы > **Installer OS X** белгішесін екі рет басыңыз.
- 5 **Continue** түймесін басыңыз.
- 6 Лицензиялық келісімді оқыңыз және **Continue** түймесін басыңыз.
- 7 Лицензиялық келісіммен келісу үшін, **Agree** түймесін басыңыз.
- 8 **Install** түймесін басыңыз. Құрылғы жұмысына қажетті барлық құрамдастар орнатылады.

Егер **Customize** түймесін бассаңыз, орнату үшін жеке құрамдастарды таңдай аласыз.
- 9 Құпия сөзді енгізіңіз және **OK** (немесе **Install Software**) түймесін басыңыз.
- 10 **Printer Connection Type** экранындағы **Network Connected Printer(Wired or Wireless)** тармағын таңдаңыз да, **Continue** түймесін басыңыз.
- 11 Принтеріңізді таңдап, оны принтер тізіміне қосу үшін, **Add Printer** түймесін басыңыз.

Желі арқылы драйверді орнату

- 12 IP басып, Protocol ішіндегі HP Jetdirect - Socket тармағын таңдаңыз.
- 13 Address енгізу өрісіне құрылғының IP мекенжайын енгізіңіз.
- 14 Queue енгізу өрісіне кезектің атауын енгізіңіз. Құрылғы сервері үшін кезектің атауын анықтай алмасаңыз алдымен әдепкі кезекті пайдаланып көріңіз.
- 15 Auto Select функциясы дұрыс жұмыс істемесе, Select Printer Software таңдаңыз және Print Using ішінен құрылғының атауын таңдаңыз.
- 16 Add түймесін басыңыз.
- 17 Continue түймесін басыңыз.
- 18 Орнату аяқталғанда Close түймесін басыңыз.

Linux

Принтердің бағдарламалық жасақтамасын орнату үшін, Samsung веб-торабынан Linux бағдарламалық жасақтама бумаларын жүктеу керек (<http://www.samsung.com> > өніміңізді табыңыз > Қолдау немесе Жүктеулер).

- 1 Құрылғының желіге және қуат көзіне қосылғанына көз жеткізіңіз. Сонымен қатар құрылғының IP мекенжайы орнатылуы керек.
- 2 **Unified Linux Driver** бумасын жүйеңізге көшіріңіз.
- 3 Terminal бағдарламасын ашып, буманы көшірген қалтаға өтіңіз.
- 4 Буманы шығарыңыз.
- 5 **uld** қалтасына жылжытыңыз.
- 6 `./install.sh` пәрменін орындаңыз (Түбір ретінде кірмеген болсаңыз, пәрменді **sudo** арқылы `sudo ./install.sh` ретінде орындаңыз).
- 7 Орнатуды жалғастырыңыз.
- 8 Орнату аяқталған кезде, **Printing** қызметтік бағдарламасын іске қосыңыз (**System > Administration > Printing** тармағына өтіңіз немесе Terminal бағдарламасында `system-config-printer` пәрменін орындаңыз).
- 9 **Add** түймесін басыңыз.
- 10 **AppSocket/HP JetDirect** таңдаңыз және құрылғының IP мекенжайын енгізіңіз.
- 11 Оны жүйеңізге қосу үшін, **Forward** түймесін басыңыз.

Желі арқылы драйверді орнату

UNIX



- UNIX принтер драйверін орнату алдында құрылғының UNIX операциялық жүйесін қолдайтынына көз жеткізіңіз (8-беттегі "Операциялық жүйе" бөлімін қараңыз).
- Пәрмендер "" таңбасымен белгіленген, оларды терген кезде "" таңбаларын термеңіз.
- Кейбір функциялар және қосымша құрылғылар үлгіге немесе елге байланысты қолжетімсіз болуы мүмкін (8-беттегі "Операциялық жүйе" бөлімін қараңыз).

Үлгіге немесе елге байланысты кейбір мүмкіндіктер қолжетімді емес болуы мүмкін. UNIX принтер драйвері бумасын Samsung веб-торабынан жүктеуге болады (<http://www.samsung.com> > өнімді табу > Қолдау немесе Жүктеулер).

UNIX принтер драйвері бумасын орнату

Орнату процедурасы барлық аталған UNIX операциялық жүйе нұсқалары үшін бірдей.

1 Samsung веб-торабынан UNIX принтер драйвері бумасын компьютерге жүктеңіз және ашыңыз.

2 root-артықшылықтарын алыңыз.

`"su -"`

3 Тиісті драйвер мұрағатын мақсатты UNIX компьютеріне көшіріңіз.



Толық ақпарат алу үшін, UNIX операциялық жүйесінің басқару нұсқаулығын қараңыз.

4 UNIX принтер драйвері бумасын ашыңыз.

Мысалы, IBM AIX жүйесінде келесі пәрмендерді пайдаланыңыз.

`"gzip -d < бума атауын енгізіңіз | tar xf -"`

5 мұрағаттан шығарылған каталог.

6 Орнату сценарийін іске қосыңыз.

`"/install -i"`

install – UNIX принтер драйвері бумасын орнату немесе жою үшін пайдаланылатын орнатушы сценарий файлы.

Орнатушы сценарийіне рұқсат ету үшін, `"chmod 755 install"` пәрменін пайдаланыңыз.

Желі арқылы драйверді орнату

- 7 Орнату нәтижелерін тексеру үшін, "`./install -c`" пәрменін орындаңыз.
- 8 Пәрмен жолынан `installprinter` іске қосыңыз. **Add Printer Wizard** терезесі шығады. Келесі процедураларды орындап, принтерді осы терезеде орнатыңыз.



Кейбір UNIX операциялық жүйелерде, мысалы, Solaris 10 жүйесінде, жаңа ғана қосылған принтерлер қосылмауы және/немесе тапсырмаларды қабылдамауы мүмкін. Бұл жағдайда `root` терминалында келесі екі пәрменді орындаңыз:

```
"accept <printer_name>"
```

```
"enable <printer_name>"
```

Принтер драйвері бумасын жою



Жүйеде орнатылған принтерді жою үшін, қызметтік бағдарламаны пайдалану керек.

- a** Терминалда "`uninstallprinter`" пәрменін орындаңыз.
Uninstall Printer Wizard шебері ашылады.
Орнатылған принтерлер ашылмалы тізімде көрсетіледі.
- b** Жою керек принтерді таңдаңыз.
- c** Принтерді жүйеден жою үшін **Delete** пәрменін таңдаңыз.

- d** Бүкіл буманы жою үшін "`./install -d`" пәрменін орындаңыз.
- e** Жою нәтижелерін тексеру үшін, "`./install -c`" пәрменін орындаңыз.

Екілік файлдарды қайта орнату үшін, "`./install -i`" пәрменін пайдаланыңыз.

Принтерді орнату

UNIX жүйесіне принтерді қосу үшін, пәрмен жолынан "installprinter" пәрменін орындаңыз. **Add Printer Wizard** терезесі шығады. Осы терезеде принтерді келесі қадамдарға сәйкес орнатыңыз:

- 1 Принтердің атауын енгізіңіз.
- 2 Үлгілер тізімінде тиісті принтер үлгісін таңдаңыз.
- 3 **Type** өрісіне принтер түріне сәйкес кез келген сипаттаманы енгізіңіз. Бұл міндетті емес.
- 4 **Description** өрісінде кез келген принтер сипаттамасын көрсетіңіз. Бұл міндетті емес.
- 5 **Location** өрісінде принтердің орнын көрсетіңіз.

Желі арқылы драйверді орнату

- 6 Желіге қосылған принтерлер үшін **Device** мәтін жолағында принтердің IP мекенжайын немесе DNS атауын енгізіңіз. **jetdirect Queue type** бар IBM AIX жүйесінде тек DNS атауына рұқсат етілген, сандық IP мекенжайға тыйым салынған.
- 7 **Queue type** қосылымды сәйкес тізімді жолақта **lpd** немесе **jetdirect** ретінде көрсетеді. Бұған қоса, Sun Solaris OS жүйесінде **usb** түрі қолжетімді.
- 8 Көшірмелердің санын орнату үшін, **Copies** пәрменін таңдаңыз.
- 9 Сұрыпталған көшірмелерді алу үшін, **Collate** опциясына құсбелгі қойыңыз.
- 10 Көшірмелерді кері ретпен алу үшін, **Reverse Order** опциясына құсбелгі қойыңыз.
- 11 Принтерді әдепкі ретінде орнату үшін, **Make Default** опциясына құсбелгі қойыңыз.
- 12 Принтерді қосу үшін, **OK** түймесін басыңыз.

Сымсыз желіні орнату (қосымша)



- Құрылғыға сымсыз желі мүмкіндігін қосқыңыз келсе, опция тізімдерін тексеріңіз және тапсырыс беру үшін сатып алу орталығына хабарласыңыз (270-беттегі "Қол жетімді керек-жарақтар" қараңыз). Сымсыз/NFC жинағын (сымсыз жергілікті желі опциясы) сатып алған кезде жинақта (сымсыз жергілікті желі опциясы) берілген сымсыз жинақ нұсқаулығында сипатталған келесі қадамдар арқылы жинақты орнатыңыз. Сымсыз жинақты (сымсыз жергілікті желі опциясы) орнатқан соң осы мүмкіндікті пайдалану үшін құрылғыны орнатыңыз.
- Құрылғының сымсыз желіні қолдайтынын тексеріңіз. Модельге байланысты сымсыз желі қолжетімді емес болуы мүмкін (8-беттегі "Үлгілер бойынша функциялар" қараңыз).

Сымсыз желілер жоғары деңгейдегі қауіпсіздікті қажет етеді, сондықтан қатынас орнын бірінші рет орнатқанда желі үшін желі атауы (SSID), пайдаланылатын қауіпсіздік түрі және желі құпия сөзі жасалады. Құрылғыны орнатуға кіріспестен бұрын желі әкімшісінен осы ақпарат туралы сұраңыз.

Сымсыз орнату әдістерімен таныстыру

Сымсыз желі параметрлерін құрылғыдан немесе компьютерден орнатуға болады. Төмендегі кестеден орнату әдісін таңдаңыз.



- Модельге немесе мемлекетке байланысты кейбір сымсыз желіні орнату түрлері қолжетімді болмауы мүмкін.
- Қатынас орындарына құпия сөз орнату ұсынылады. Егер қатынас орындарына құпия сөз орнатпасаңыз, олар компьютерлер, смартфондар және принтерлерді қоса белгісіз құрылғылармен рұқсатсыз байланысуы мүмкін. Құпия сөз параметрлерін қатынас орнының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

Орнату әдісі	Қосылу әдісі	Сипаттама және анықтама
Қатынас орнымен	Компьютерден	368-беттегі "Желілік кабельді пайдалану" қараңыз.
	Құрылғының басқару панелінен	366-беттегі "WPS параметрлері мәзірін пайдалану" қараңыз. 368-беттегі "Сети Wi-Fi функциясын пайдалану" қараңыз.
Wi-Fi Direct орнату		370-беттегі "Wi-Fi Direct протоколын мобильді басып шығару үшін орнату" қараңыз.

Сымсыз желіні орнату (қосымша)

WPS параметрлері мәзірін пайдалану

Құрылғы және қатынас орны Wi-Fi Protected Setup™ (WPS) протоколын қолдаса, онда сымсыз желі параметрлерін **WPS Settings** мәзірі арқылы компьютер көмегінсіз оңай теңшеуге болады.



- Егер сымсыз желіні инфрақұрылым режимі арқылы пайдаланғыңыз келсе, желілік кабель құрылғыдан ажыратылғанын тексеріңіз. Қатынас орнына (немесе сымсыз маршрутизаторға) қосылу үшін **WPS (PBC)** түймесін пайдаланғанда немесе компьютерден PIN кодты енгізгенде пайдаланып жатқан қатынас орнына (немесе сымсыз маршрутизаторға) байланысты әртүрлі болады. Пайдаланып жатқан қатынас орнының (немесе сымсыз маршрутизатордың) пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Сымсыз желіні орнату үшін WPS түймесін пайдаланған кезде қауіпсіздік параметрлері өзгеруі мүмкін. Оны болдырмау үшін ағымдағы сымсыз желінің қауіпсіздік параметрлері үшін WPS опциясын құлыптаңыз. Параметр атауы пайдаланылып жатқан қатынасу орнына (немесе сымсыз маршрутизаторға) байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Дайындау керек элементтер

- Қатынас орнының (немесе сымсыз маршрутизатордың) Wi-Fi Protected Setup™ (WPS) протоколын қолдайтынын тексеріңіз.
- Құрылғы Wi-Fi Protected Setup™ (WPS) протоколын қолдайтынын тексеріңіз.
- Желіге қосылған компьютер (тек PIN код режимі).

Түрді таңдау

Құрылғыны сымсыз желіге қосу үшін екі қолжетімді әдіс бар.

- **Push Button Configuration (PBC)** әдісі құрылғының басқару панеліндегі **WPS Settings** мәзірін және Wi-Fi Protected Setup™ WPS-қосылған қатынасу орнындағы (немесе сымсыз маршрутизатор) WPS (PBC) түймесін бірге басу арқылы құрылғыны сымсыз желіге сәйкесінше қосуға мүмкіндік береді.
- **Personal Identification Number (PIN)** әдісі құрылғыны сымсыз желіге Wi-Fi Protected Setup™ WPS-қосылған қатынасу орнында (немесе сымсыз маршрутизаторда) берілген PIN ақпаратын енгізу арқылы қосуға мүмкіндік береді.


Сымсыз желіні орнату (қосымша)

WPS қосу

Құрылғы үшін зауыттық әдепкі параметр – **PBC** режимі. Ол әдепкі сымсыз желі ортасы үшін ұсынылады.

PBC режимінде қосылу


- 1** Бастапқы экраннан немесе **Настройки сети** мәзірінен **Настройки > Пр. > Wi-Fi** таңдаңыз.
- 2** **Идентификатор** және **Пароль** өрісіне енгізіңіз.
Құрылғыдан жүйеге кіргенде пайдаланатын бірдей жүйеге кіру идентификаторы, құпия сөзін, доменді пайдаланыңыз (318-беттегі "жүйеге кіру" бөлімін қараңыз).

 Жаңа пайдаланушыны тіркегіңіз немесе құпия сөзді өзгерткіңіз келсе, 187-беттегі "Безопасн. қойындысы" бөлімін қараңыз.

- 3** **Параметры WPS > Подключить через PBC** таңдаңыз.
- 4** Қатынас орнында (немесе сымсыз маршрутизаторда) **WPS (PBC)** түймесін басыңыз.
- 5** Дисплей экранындағы нұсқауды орындаңыз.
Хабарламалар дисплей экранында пайда болады

PIN режимінде қосылу

- 1** Бастапқы экраннан немесе **Настройки сети** мәзірінен **Настройки > Пр. > Wi-Fi** таңдаңыз.
- 2** **Идентификатор** және **Пароль** өрісіне енгізіңіз.
Құрылғыдан жүйеге кіргенде пайдаланатын бірдей жүйеге кіру идентификаторы, құпия сөзін, доменді пайдаланыңыз (318-беттегі "жүйеге кіру" бөлімін қараңыз).

 Жаңа пайдаланушыны тіркегіңіз немесе құпия сөзді өзгерткіңіз келсе, 187-беттегі "Безопасн. қойындысы" бөлімін қараңыз.

- 3** **Параметры WPS > Подключить через PIN** таңдаңыз.
- 4** Дисплейде сегіз сандық PIN код шығады.
Қатынас орнына (немесе сымсыз маршрутизаторға) қосылған компьютерге екі минут ішінде сегіз сандық PIN кодты енгізу қажет.
- 5** Дисплей экранындағы нұсқауды орындаңыз.
Хабарламалар дисплей экранында пайда болады

Сымсыз желіні орнату (қосымша)

Сети Wi-Fi функциясын пайдалану

Бастау алдында сымсыз желінің желі атауын (SSID) және шифрланған болса желі кілтін білуіңіз керек. Бұл ақпарат қатынас орнын (немесе сымсыз маршрутизаторды) орнатқанда орнатылған. Сымсыз ортаны білмесеңіз, желіні орнатқан адамнан сұраңыз.

- 1 Бастапқы экраннан немесе **Настройки сети** мәзірінен **Настройки > Пр. > Wi-Fi** таңдаңыз.
- 2 Құрылғы таңдауға болатын қолжетімді желілердің тізімін көрсетеді. Желіні таңдағаннан кейін, принтер сәйкес қауіпсіздік кілтін сұрайды.
- 3 Қажет Wi-Fi желісі опциясын таңдаңыз.

Желілік кабельді пайдалану



Желі теңшелімі туралы ақпарат алу үшін желілік әкімшіге немесе сымсыз желіні орнатқан адамға хабарласыңыз.

Бұл құрылғы желімен үйлесімді құрылғы болып табылады. Құрылғыға желіде жұмыс істеуге мүмкіндік беру үшін кейбір теңшеу процедураларын орындау керек.

Дайындау керек элементтер

- Қатынас нүктесі
- Желіге қосылған компьютер
- Құрылғымен бірге берілген бағдарламалық жасақтаманың ықшам дискісі
- Сымсыз желі интерфейсі арқылы орнатылатын құрылғы
- Желілік кабель

Желі теңшеуі есебін басып шығару

Құрылғының желілік параметрлерін желі теңшеуі туралы есепті басып шығару арқылы анықтауға болады.

336-беттегі "Отчет" қараңыз.

SetIP бағдарламасын пайдаланып IP мекенжайды орнату (Windows)

Бұл бағдарлама құрылғымен байланысу үшін MAC мекенжайы көмегімен құрылғы желісінің IP мекенжайын қолмен орнату үшін пайдаланылады. MAC мекенжайы желілік интерфейс жабдығының сериялық нөмірі болып табылады және оны **желілік теңшеу есебінде** табуға болады.

348-беттегі "Желі параметрлері (TCP/IP теңшеу)" қараңыз.

Сымсыз желіні орнату (қосымша)

Құрылғының сымсыз желісін теңшеу

Бастау алдында сымсыз желінің желі атауын (SSID) және ол шифрланған болса, желі кілтін білу керек. Бұл ақпарат қатынас орнын (немесе сымсыз маршрутизаторды) орнатқанда орнатылған. Сымсыз ортаны білмесеңіз, желіні орнатқан адамнан сұраңыз.


Сымсыз желі параметрлерін теңшеу үшін **SyncThru™ Web Service** бағдарламасын пайдаланыңыз.

SyncThru™ Web Service бағдарламасын пайдалану

Сымсыз желі параметрін теңшеуге кіріспестен бұрын кабель қосылымының күйін тексеріңіз.

- 1 Желілік кабель құрылғыға жалғанған немесе жалғанбағанын тексеріңіз. Жалғанбаған болса, құрылғыға стандартты желілік кабельді жалғаңыз.
- 2 Internet Explorer, Safari немесе Firefox сияқты веб-шолғышты іске қосыңыз және шолғыш терезесіне құрылғының жаңа IP мекенжайын енгізіңіз.

Мысалы,




- 3 SyncThru™ Web Service веб-торабының жоғарғы оң жағында **Вход в систему** түймесін басыңыз.
- 4 **Идентификатор** және **Пароль** өрісіне енгізіңіз.
Құрылғыдан жүйеге кіргенде пайдаланатын бірдей жүйеге кіру идентификаторы, құпия сөзін, доменді пайдаланыңыз (318-беттегі "жүйеге кіру" бөлімін қараңыз).
- 5 **SyncThru™ Web Service** терезесі ашылғанда **Параметры сети** тармағын таңдаңыз.
- 6 **Wi-Fi > С помощью мастера** басыңыз.
- 7 Тізімде бір **Сетевое имя (SSID)** таңдаңыз.
- 8 **Далее** түймесін басыңыз.
Егер сымсыз қауіпсіздік параметрлері терезесі пайда болса, тіркелген құпия сөзді (желілік құпия сөз) енгізіп, **Далее** түймесін басыңыз.
- 9 Растау терезесі шығады, сымсыз желі орнатылуын тексеріңіз. Орнату дұрыс болса, **Применить** түймесін басыңыз.

Сымсыз желіні орнату (қосымша)

Wi-Fi желісін қосу/өшіру

- 1 Желілік кабель құрылғыға жалғанғанын тексеріңіз. Жалғанбаған болса, құрылғыға стандартты желілік кабельді жалғаңыз.
- 2 Internet Explorer, Safari немесе Firefox сияқты веб-шолғышты іске қосыңыз және шолғыш терезесіне құрылғының жаңа IP мекенжайын енгізіңіз.


Мысалы,

 http://192.168.1.133/

- 3 SyncThru™ Web Service веб-торабының жоғарғы оң жағында **Вход в систему** түймесін басыңыз.

- 4 **Идентификатор** және **Пароль** өрісіне енгізіңіз.

Құрылғыдан жүйеге кіргенде пайдаланатын бірдей жүйеге кіру идентификаторы, құпия сөзін, доменді пайдаланыңыз (318-беттегі "жүйеге кіру" бөлімін қараңыз).

-  Жаңа пайдаланушыны тіркегіңіз немесе құпия сөзді өзгерткіңіз келсе, 187-беттегі "Безопасн. қойындысы" бөлімін қараңыз.

- 5 SyncThru™ Web Service терезесі ашылғанда **Параметры сети** тармағын таңдаңыз.

- 6 Wi-Fi басыңыз.

- 7 Wi-Fi желісін қосуға/өшіруге болады.

Wi-Fi Direct протоколын мобильді басып шығару үшін орнату

Wi-Fi Direct дегеніміз Wi-Fi Direct функциясына қосылған принтер және ұялы құрылғы арасындағы қауіпсіз және пайдалануға оңай бір дәрежелі байланыс болып табылады.

Wi-Fi Direct көмегімен қазіргі уақытта қатынас орнына қосулы кезде принтерді Wi-Fi Direct желісіне қоса аласыз. Сонымен қатар, сымды желі мен Wi-Fi Direct желісін бір уақытта пайдалана аласыз, осылайша бірнеше пайдаланушы Wi-Fi Direct желі және сымды желі екеуінен де құжаттарға қатынаса және басып шығара алады.



- Ұялы құрылғыны принтердің Wi-Fi Direct желісі арқылы интернетке қоса алмайсыз.
- Қолдау көрсетілетін протоколдар тізімі сіздің моделіңізден өзгеше болуы мүмкін, Wi-Fi Direct желілері IPv6 протоколын, желіні сүзуді, IPSec, WINS және SLP қызметтерін қолдамайды.
- Wi-Fi Direct арқылы ең көбі 4 құрылғы қосыла алады.


Сымсыз желіні орнату (қосымша)

Wi-Fi Direct желісін орнату

Wi-Fi Direct мүмкіндігін келесі әдістердің бірі арқылы қосуға болады.

Машинада

- 1 Бастапқы экраннан немесе **Настройки сети** мәзірінен **Настройки > Пр. > Wi-Fi** таңдаңыз.
- 2 **Идентификатор** және **Пароль** өрісіне енгізіңіз.
Құрылғыдан жүйеге кіргенде пайдаланатын бірдей жүйеге кіру идентификаторы, құпия сөзін, доменді пайдаланыңыз (318-беттегі "жүйеге кіру" бөлімін қараңыз).

 Жаңа пайдаланушыны тіркегіңіз немесе құпия сөзді өзгертіңіз келсе, 187-беттегі "Безопасн. қойындысы" бөлімін қараңыз.

- 3 **Wi-Fi Direct** басыңыз.
- 4 **Wi-Fi Direct** қосыңыз.


Желіге қосылған компьютерден

Егер принтер желілік кабельді немесе сымсыз қатынас орнын пайдаланса, Wi-Fi Direct желісін SyncThru™ Web Service арқылы қосуға және теңшеуге болады.

- 1 **SyncThru™ Web Service** қол жеткізіңіз және **Настройки > Параметры сети > Wi-Fi > Wi-Fi Direct™** таңдаңыз.
- 2 **Wi-Fi Direct™** қосыңыз және басқа опцияларды орнатыңыз.

Ұялы құрылғыны теңшеу

- Wi-Fi Direct желісін принтерден орнатқаннан кейін, Wi-Fi Direct желісін орнату үшін пайдаланып жатқан ұялы құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.
- Wi-Fi Direct желісін орнатқаннан кейін смартфоннан басып шығару үшін мобильді басып шығару бағдарламасын (Мысалы: Samsung Mobile printer) жүктеу қажет.

-  • Ұялы құрылғыдан қосылу керек принтерді тапқанда, принтерді таңдаңыз, сонда принтердің LED шамы жанады. Принтердегі WPS түймесін басыңыз, сонда ол ұялы құрылғыға қосылады.
- Егер ұялы құрылғы Wi-Fi Direct қолдамаса, WPS түймесін басудың орнына принтердің "Ключ сети" мәнін енгізуіңіз керек.

Сымсыз желіні орнату (қосымша)

Сымсыз желінің ақаулықтарын жою

Құрылғыны желіде пайдаланғанда мәселелер орын алса, төмендегіні тексеріңіз:



Қатынас орны (немесе сымсыз маршрутизатор) туралы ақпарат алу үшін оның өзінің пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

- Компьютеріңіз, қатынас орны (немесе сымсыз маршрутизатор) не құрылғы қосылмаған болуы мүмкін.
- Құрылғының айналасындағы сымсыз қабылдауды тексеріңіз. Маршрутизатор машинадан алыс болса немесе кедергі болса, сигналды қабылдау қиын болады.
- Қатынас орнын (немесе сымсыз маршрутизаторды), құрылғыны және компьютерді өшіріп қосыңыз. Кейде өшіріп, қосу желі байланысын қалпына келтіруі мүмкін.
- Брандмауэр бағдарламалық жасақтамасы (V3 немесе Norton) байланысты бұғаттап жатпағанын тексеріңіз.

Егер компьютер және құрылғы бірдей желіде қосылған болса, бірақ іздегенде оны табу мүмкін болмаса, байланысты брандмауэр бағдарламалық жасақтамасы бұғаттауы мүмкін. Оны өшіру үшін пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз және құрылғыны қайтадан іздеп көріңіз.

- Құрылғының IP мекенжайы дұрыс бөлінгенін тексеріңіз. IP мекенжайын желілік теңшеу есебін басып шығару арқылы тексеруге болады.
- Қатынас орнында (немесе сымсыз маршрутизаторда) теңшелген қауіпсіздіктің (құпия сөз) болуын тексеріңіз. Егер оның құпия сөзі болса, қатынас орнының (немесе сымсыз маршрутизатордың) әкімшісіне хабарласыңыз.
- Машинаның IP мекенжайын тексеріңіз. Құрылғы драйверін қайта орнатыңыз және желідегі құрылғыға қосылу параметрлерін өзгертіңіз. DHCP ерекшеліктеріне байланысты құрылғыны ұзақ уақыт бойы пайдаланбаса немесе қатынас орны ысырылмаса, бөлінген IP мекенжайы өзгеруі мүмкін.

Қатынасу орнында (немесе сымсыз маршрутизаторда) DHCP серверін теңшелген кезде өнімнің MAC мекенжайын тіркеңіз. Одан кейін сіз MAC мекенжайымен орнатылған IP мекенжайын әрқашан пайдалана аласыз. Машинаның Mac мекенжайын желі теңшеуі есебін басып шығару арқылы анықтауға болады.

- Сымсыз ортаны тексеріңіз. Қатынас орнына (немесе сымсыз маршрутизаторға) қосылудан бұрын пайдаланушы ақпаратын енгізу керек инфрақұрылым ортасында желіге қосыла алмауыңыз мүмкін.
- Бұл құрылғы тек IEEE 802.11 b/g/n және Wi-Fi желілерін қолдайды. Басқа байланыс түрлеріне (мысалы, Bluetooth) қолдау көрсетілмейді.
- Құрылғы сымсыз желі ауқымында.

Сымсыз желіні орнату (қосымша)

- Құрылғы сымсыз сигналды бұғаттауы мүмкін кедергілерден алыс орнатылады.

Қатынас орны (немесе сымсыз маршрутизатор) және құрылғы арасындағы кез келген үлкен металл заттарды алып тастаңыз.

Құрылғы және сымсыз қатынас орны (немесе сымсыз маршрутизатор) бағандармен, қабырғалармен немесе құрамында металл немесе цемент бар бағандармен бөлінбегенін тексеріңіз.

- Құрылғы сымсыз сигналға кедергі келтіруі мүмкін басқа электрондық құрылғылардан алыс орналастырылады.

Көптеген құрылғыға сымсыз сигнал кедергі келтіруі мүмкін, соның ішінде микротолқынды пештер мен кейбір Bluetooth құрылғылары.

- Қатынас орнының (немесе сымсыз маршрутизатордың) теңшеуі әр өзгерген кезде құрылғы сымсыз желіні қайта теңшеуі қажет.
- Wi-Fi Direct арқылы ең көбі 4 құрылғы қосыла алады.

NFC пайдалану мүмкіндігі (қосымша)



Машинаға NFC мүмкіндігін қосқыңыз келсе, опция тізімдерін тексеріңіз және тапсырыс беру үшін сатып алу орталығына хабарласыңыз (270-беттегі "Қол жетімді керек-жарақтар" қараңыз). Сымсыз жинағын (сымсыз жергілікті желі опциясы) сатып алған кезде жинақта (сымсыз жергілікті желі опциясы) берілген сымсыз жинақ нұсқаулығында сипатталған келесі қадамдар арқылы жинақты орнатыңыз. Сымсыз жинақты (сымсыз жергілікті желі опциясы) орнатқан соң осы мүмкіндікті пайдалану үшін құрылғыны орнатыңыз.

NFC (Near Field Communication) принтері ұялы құрылғыны сымсыз/ NFC жинағындағы (сымсыз жергілікті желі опциясы) NFC белгісі үстінде жай ғана ұстап тұру арқылы ұялы құрылғыдан тікелей басып шығаруға мүмкіндік береді. Ол үшін басып шығару драйверін орнату немесе қатынас орнына қосылуды қажет етпейді. NFC қолдайтын ұялы құрылғы ғана қажет. Осы мүмкіндікті пайдалану үшін, мобильді бағдарламаларды ұялы құрылғыға орнату қажет.



- Ұялы құрылғы қақпағының материалына байланысты, NFC анықталуы дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Пайдаланылған ұялы құрылғыға байланысты, тарату жылдамдығы өзгеше болуы мүмкін.
- Бұл мүмкіндік тек NFC белгісі бар үлгілер үшін қолжетімді (21-беттегі "Құрылғыға жалпы шолу" қараңыз).

- Ұялы құрылғымен бірге жіберілгеннен басқа қақпақ немесе батареяны немесе қақпақ/жапсырманы пайдаланғанда NFC құрылғысы бұғатталуы мүмкін.
- NFC құрылғылары байланыспай жатса,
 - Ұялы құрылғыдан корпусты немесе қақпақты алып, содан кейін әрекетті қайталаңыз.
 - Батареяны ұялы құрылғыдан қайта орнатып, содан кейін әрекетті қайталаңыз.

Талаптар

- NFC және Wi-Fi Direct қосылған, қолдау көрсетілетін мобильді бағдарламалар ұялы құрылғыларды Android OS 4.0 немесе одан кейінгі нұсқасымен орнатылған.



Android OS 4.1 немесе одан кейінгі нұсқа ғана NFC мүмкіндігін қосқанда ұялы құрылғыңызда Wi-Fi Direct мүмкіндігін автоматты түрде қосады. NFC мүмкіндігін пайдалану үшін ұялы құрылғыңызды Android OS 4.1 немесе одан кейінгі нұсқаға жаңартқан жөн.

- Wi-Fi Direct функциясы қосылған принтер (370-беттегі "Wi-Fi Direct протоколын мобильді басып шығару үшін орнату" қараңыз).

NFC пайдалану мүмкіндігі (қосымша)

Қатысты бағдарламалар

NFC мүмкіндігімен пайдалануға болатын бірнеше бағдарлама бар. Бағдарламаларды Google Play Store дүкенінен жүктеуге болады.

- **Samsung Mobile Print:** Пайдаланушыларға фотосуреттерді, құжаттарды және веб-беттерді смартфон немесе планшеттен тікелей басып шығару, сканерлеу (сканерлеуді қолдайтын құрылғысы бар пайдаланушыларға ғана) немесе факс (факсты қолдайтын құрылғысы бар пайдаланушыларға ғана) арқылы алмасуға мүмкіндік береді (381-беттегі "Samsung Mobile Print бағдарламасын пайдалану" қараңыз).
- **Samsung Mobile Print Pro:** Пайдаланушыларға аутентификацияға оңай қол жеткізуге көмектеседі. Бұл бағдарлама ұялы құрылғы көмегімен пайдаланушы аутентификациясын алу үшін бір әдіспен қамтамасыз етеді (375-беттегі "Samsung Mobile Print Pro бағдарламасын пайдалану" қараңыз).
- **Samsung Mobile Print Manager:** Пайдаланушыларға ұялы құрылғы көмегімен клондау және сымсыз орнату мүмкіндіктерін пайдалануға мүмкіндік береді (377-беттегі "Samsung Mobile Print Manager бағдарламасын пайдалану" қараңыз).

Samsung Mobile Print Pro бағдарламасын пайдалану

Мұны **Samsung Mobile Print Pro** бағдарламасынан аутентификация/тіркеу алу үшін пайдалануға болады.

Ұялы құрылғыдан Аутентификация

- 1 NFC және Wi-Fi Direct қосылған мүмкіндіктері ұялы құрылғыда бар және Wi-Fi Direct мүмкіндігі принтерге қосылғанын тексеріңіз.
- 2 **Samsung Mobile Print Pro** бағдарламасын ашыңыз.



Samsung Mobile Print Pro бағдарламасы ұялы телефонда орнатылмаған болса, ұялы құрылғыдағы бағдарлама дүкеніне (Samsung Apps, Play Store, App Store) өтіңіз де, бағдарламаны тауып, жүктеңіз және әрекетті қайталаңыз.

- 3 **Идентификатор** және **Пароль** өрісіне енгізіңіз.


Құрылғыдан жүйеге кіргенде пайдаланатын идентификатор және құпия сөзді пайдаланыңыз (318-беттегі "жүйеге кіру" қараңыз.)

NFC пайдалану мүмкіндігі (қосымша)



Жаңа пайдаланушыны тіркегіңіз немесе құпия сөзді өзгертіңіз келсе, 187-беттегі "Безопасн. қойындысы" бөлімін қараңыз.

- 4 Ұялы құрылғыны (әдетте ұялы құрылғының артқы жағында орналасқан) принтердегі NFC белгісі үстімен (NFC) белгілеңіз. Ұялы құрылғы принтерге қосылуы үшін бірнеше секунд күте тұрыңыз.




Кейбір ұялы құрылғылар үшін, NFC белгісі ұялы құрылғының артында орналаспауы мүмкін. Бекітудің алдында ұялы құрылғыңыздағы NFC антеннасының орналасқан жерін тексеріңіз.

Ұялы құрылғыдан тіркеу

- 1 NFC және Wi-Fi Direct қосылған мүмкіндіктері ұялы құрылғыда бар және Wi-Fi Direct мүмкіндігі принтерге қосылғанын тексеріңіз.
- 2 **Samsung Mobile Print Pro** бағдарламасын ашыңыз.



Samsung Mobile Print Pro бағдарламасы ұялы телефонда орнатылмаған болса, ұялы құрылғыдағы бағдарлама дүкеніне (Samsung Apps, Play Store) өтіңіз де, бағдарламаны тауып, жүктеңіз және әрекетті қайталаңыз.

- 3 **Samsung Mobile Print Pro** экранындағы  белгішесін басыңыз.
 - 4 **On** мәзірінен **Phone login set as default** функциясын таңдаңыз.
 - 5 Ұялы құрылғы идентификаторы **Samsung Mobile Print Pro** экранында пайда болады.
- Registration** опциясын басыңыз.
- 6 **ID**, **Password**, **Domain** және **Passcode** өрісін толтырыңыз, содан кейін **OK** түймесін басыңыз.


Құрылғыдан жүйеге кірген кезде бірдей әкімші идентификаторын, құпия сөзін және доменін пайдаланыңыз (318-беттегі "жүйеге кіру" қараңыз.)

NFC пайдалану мүмкіндігі (қосымша)



- Жаңа пайдаланушыны тіркегіңіз немесе құпия сөзді өзгертіңіз келсе, 187-беттегі "Безопасн. қойындысы" бөлімін қараңыз.
- **Passcode** әкімші **Двухфакторная аутентификация** әдісін таңдаған кезде қол жеткізуге арналған. Аутентификация үшін құпия кодты енгізу керек. Құпия сөз бен құпия код әртүрлі болу керек. SyncThru™ Web Service бағдарламасынан **Двухфакторная аутентификация** опциясын таңдауға, **Безопасность > Управление пользовательским доступом > Аутентификация > Метод аутентификации > Параметры түймесі > Метод входа > Двухфакторная аутентификация** опциясын таңдауға болады.

- 7** Ұялы құрылғыны (әдетте ұялы құрылғының артқы жағында орналасқан) принтердегі NFC белгісі үстімен (NFC) белгілеңіз. Ұялы құрылғы принтерге қосылуы үшін бірнеше секунд күте тұрыңыз.



Кейбір ұялы құрылғылар үшін, NFC белгісі ұялы құрылғының артында орналаспауы мүмкін. Бекітудің алдында ұялы құрылғыңыздағы NFC антеннасының орналасқан жерін тексеріңіз.

- 8** Принтердің сенсорлы экранында тіркеу аяқталғаны жайлы хабарлама пайда болады.

Samsung Mobile Print Manager бағдарламасын пайдалану

Бірнеше принтер бар болса және әр принтерге бірдей параметрлер орнату қажет болса, **Samsung Mobile Print Manager** бағдарламасы көмегімен мұны оңай жасауға болады. Параметрлерді көшіру үшін, принтердегі ұялы телефонның NFC белгісін түртіңіз және параметрді орнатқыңыз келетін принтерді түртіңіз.




Деректерді экспорттағанда бірнеше деректер сақтауға болады. Деректерді импорттағанда тізімнен деректі таңдап, импорттауға болады.

NFC пайдалану мүмкіндігі (қосымша)

Экспорттау (параметрді ұялы құрылғыға көшіру)


- 1 NFC және Wi-Fi Direct қосылған мүмкіндіктері ұялы құрылғыда бар және Wi-Fi Direct мүмкіндігі принтерге қосылғанын тексеріңіз.
- 2 Ұялы құрылғыдан **Samsung Mobile Print Manager** бағдарламасын ашыңыз.


 **Samsung Mobile Print Manager** бағдарламасы ұялы телефонда орнатылмаған болса, ұялы құрылғыдағы бағдарлама дүкеніне (Samsung Apps, Play Store) өтіңіз де, бағдарламаны тауып, жүктеңіз және әрекетті қайталаңыз.


3 **Экспорт** пәрменін басыңыз.


4 **Идентификатор** және **Пароль** өрісіне енгізіңіз.

Құрылғыдан жүйеге кіргенде пайдаланатын идентификатор және құпия сөзді пайдаланыңыз (318-беттегі "жүйеге кіру" қараңыз.)

 Жаңа пайдаланушыны тіркегіңіз немесе құпия сөзді өзгерткіңіз келсе, 187-беттегі "Безопасн. қойындысы" бөлімін қараңыз.

- 5 Ұялы құрылғыны (әдетте ұялы құрылғының артқы жағында орналасқан) принтердегі NFC белгісі үстімен  белгілеңіз. Ұялы құрылғы принтерге қосылуы үшін бірнеше секунд күте тұрыңыз.



-  Кейбір ұялы құрылғылар үшін, NFC белгісі ұялы құрылғының артында орналаспауы мүмкін. Бекітудің алдында ұялы құрылғыңыздағы NFC антеннасының орналасқан жерін тексеріңіз.
- Клондаған кезде құрылғы құлыпталады.


6 Қолданғыңыз келетін параметрлерді таңдаңыз және **ОК** түймесін басыңыз.

7 Ұялы құрылғы экранындағы нұсқауды орындаңыз.

NFC пайдалану мүмкіндігі (қосымша)

Импорттау (параметрлерді құрылғыға қолдану)


- 1 NFC және Wi-Fi Direct қосылған мүмкіндіктері ұялы құрылғыда бар және Wi-Fi Direct мүмкіндігі принтерге қосылғанын тексеріңіз.
- 2 Ұялы құрылғыдан **Samsung Mobile Print Manager** бағдарламасын ашыңыз.

 **Samsung Mobile Print Manager** бағдарламасы ұялы телефонда орнатылмаған болса, ұялы құрылғыдағы бағдарлама дүкеніне (Samsung Apps, Play Store) өтіңіз де, бағдарламаны тауып, жүктеңіз және әрекетті қайталаңыз.

3 **Импорт** пәрменін таңдаңыз.

4 **Идентификатор** және **Пароль** өрісіне енгізіңіз.

Құрылғыдан жүйеге кіргенде пайдаланатын идентификатор және құпия сөзді пайдаланыңыз (318-беттегі "жүйеге кіру" қараңыз.)


 Жаңа пайдаланушыны тіркегіңіз немесе құпия сөзді өзгерткіңіз келсе, 187-беттегі "Безопасн. қойындысы" бөлімін қараңыз.


5 Көшіргіңіз келетін параметрлерді таңдаңыз.

6 Ұялы құрылғы экранындағы нұсқауды орындаңыз.

7 Ұялы құрылғыны (әдетте ұялы құрылғының артқы жағында орналасқан) принтердегі NFC белгісі үстімен () белгілеңіз.

Ұялы құрылғы принтерге қосылуы үшін бірнеше секунд күте тұрыңыз.




- 
- Кейбір ұялы құрылғылар үшін, NFC белгісі ұялы құрылғының артында орналаспауы мүмкін. Бекітудің алдында ұялы құрылғыңыздағы NFC антеннасының орналасқан жерін тексеріңіз.
 - Клондаған кезде құрылғы құлыпталады.

NFC пайдалану мүмкіндігі (қосымша)

Сымсыз орнату

Принтердегі ұялы телефонның NFC белгісін басу арқылы сымсыз орнатуды телефоннан принтерге көшіруге болады.

- 1 NFC және Wi-Fi Direct қосылған мүмкіндіктері ұялы құрылғыда бар және Wi-Fi Direct мүмкіндігі принтерге қосылғанын тексеріңіз.
- 2 Ұялы құрылғыдан **Samsung Mobile Print Manager** бағдарламасын ашыңыз.


 **Samsung Mobile Print Manager** бағдарламасы ұялы телефонда орнатылмаған болса, ұялы құрылғыдағы бағдарлама дүкеніне (Samsung Apps, Play Store) өтіңіз де, бағдарламаны тауып, жүктеңіз және әрекетті қайталаңыз.


- 3 Ұялы құрылғының **Samsung Mobile Print Pro** экраны пайда болады.
Wi-Fi Setup опциясын басыңыз.

- 4 **Идентификатор** және **Пароль** өрісіне енгізіңіз.
Құрылғыдан жүйеге кіргенде пайдаланатын идентификатор және құпия сөзді пайдаланыңыз (318-беттегі "жүйеге кіру" қараңыз.)



Жаңа пайдаланушыны тіркегіңіз немесе құпия сөзді өзгертіңіз келсе, 187-беттегі "Безопасн. қойындысы" бөлімін қараңыз.

- 5 Қатынас орны (немесе сымсыз маршрутизатор) байланысқа қосылған болса, растау терезесі пайда болады, содан кейін **OK** түймесін басыңыз. Қатынас орны (немесе сымсыз маршрутизатор) қосылмаса, қажетті қатынас нүктесін (сымсыз маршрутизатор) таңдаңыз және **OK** басыңыз, содан кейін **OK** түймесін басыңыз.
- 6 Ұялы құрылғыны (әдетте ұялы құрылғының артқы жағында орналасқан) принтердегі NFC белгісі үстімен () белгілеңіз.
Ұялы құрылғы принтерге қосылуы үшін бірнеше секунд күте тұрыңыз.



NFC пайдалану мүмкіндігі (қосымша)



Кейбір ұялы құрылғылар үшін, NFC белгісі ұялы құрылғының артында орналаспауы мүмкін. Бекітудің алдында ұялы құрылғыңыздағы NFC антеннасының орналасқан жерін тексеріңіз.

7 Ұялы құрылғы экранындағы нұсқауды орындаңыз.

Samsung Mobile Print бағдарламасын пайдалану

Samsung Mobile Print пайдаланушыларға фотосуреттерді, құжаттарды жән веб-беттерді тікелей смартфон немесе планшеттен басып шығару, сканерлеу (мультифункционалды принтерлері бар пайдаланушылар ғана) немесе факс (мультифункционалды принтерлері бар пайдаланушылар ғана) арқылы алмасуға мүмкіндік беретін тегін бағдарлама.

Басып шығару


- 1 Ұялы құрылғыда NFC және Wi-Fi Direct мүмкіндіктері және принтерде Wi-Fi Direct мүмкіндігі қосулы екенін тексеріңіз.
- 2 **Samsung Mobile Print** бағдарламасын ашыңыз.



Samsung Mobile Print бағдарламасы ұялы телефонда орнатылмаған болса, ұялы құрылғыдағы бағдарлама дүкеніне (Samsung Apps, Play Store, App Store) өтіңіз де, бағдарламаны тауып, жүктеңіз және әрекетті қайталаңыз.

3 Басып шығару режимін таңдаңыз.


4 Басып шығару қажет мазмұнды таңдаңыз.

Қажет болса,  белгішесін басып шығару опциясын өзгертіңіз.

NFC пайдалану мүмкіндігі (қосымша)

- 5 Ұялы құрылғыны (әдетте ұялы құрылғының артқы жағында орналасқан) принтердегі NFC белгісі үстімен (NFC) белгілеңіз.

Ұялы құрылғы принтерге тапсырманы жіберуі үшін бірнеше секунд күтіңіз.



Кейбір ұялы құрылғылар үшін, NFC белгісі ұялы құрылғының артында орналаспауы мүмкін. Бекітудің алдында ұялы құрылғыңыздағы NFC антеннасының орналасқан жерін тексеріңіз.

- 6 Принтер басып шығаруды бастайды.

Сканерлеу

- 1 Ұялы құрылғыда NFC және Wi-Fi Direct мүмкіндіктері және принтеріңізде Wi-Fi Direct мүмкіндігі қосулы екенін тексеріңіз.
- 2 **Samsung Mobile Print** бағдарламасын ашыңыз.



Samsung Mobile Print бағдарламасы ұялы телефонда орнатылмаған болса, ұялы құрылғыдағы бағдарлама дүкеніне (Samsung Apps, Play Store, App Store) өтіңіз де, бағдарламаны тауып, жүктеңіз және әрекетті қайталаңыз.


- 3 Сканерлеу режимін таңдаңыз.
- 4 Бір құжатты төмен қаратып құжат әйнегіне қойыңыз немесе құжаттарды жоғары қаратып құжат шығаратын механизмге салыңыз (51-беттегі "Түпнұсқаларды жүктеу" қараңыз).

Қажет болса,  басу арқылы сканерлеу опциясын өзгертіңіз.

NFC пайдалану мүмкіндігі (қосымша)

5 Ұялы құрылғыны (әдетте ұялы құрылғының артқы жағында орналасқан) принтердегі NFC белгісі үстімен (NFC) белгілеңіз.

Ұялы құрылғы принтерге тапсырманы жіберуі үшін бірнеше секунд күтіңіз.



Кейбір ұялы құрылғылар үшін, NFC белгісі ұялы құрылғының артында орналаспауы мүмкін. Бекітудің алдында ұялы құрылғыңыздағы NFC антеннасының орналасқан жерін тексеріңіз.

6 Принтер сканерлеуді бастайды.
Сканерленген дерек ұялы құрылғыда сақталады.



Егер сканерлеуді жалғастыру қажет болса, бағдарлама экранындағы нұсқауды орындаңыз.


Факс жіберу

- 1 Ұялы құрылғыда NFC және Wi-Fi Direct мүмкіндіктері және принтеріңізде Wi-Fi Direct мүмкіндігі қосұлы екенін тексеріңіз.
- 2 **Samsung Mobile Print** бағдарламасын ашыңыз.



Samsung Mobile Print бағдарламасы ұялы телефонда орнатылмаған болса, ұялы құрылғыдағы бағдарлама дүкеніне (Samsung Apps, Play Store, App Store) өтіңіз де, бағдарламаны тауып, жүктеңіз және әрекетті қайталаңыз.


- 3 Факс режимін таңдаңыз.
- 4 Факс жіберу үшін қажет мазмұнды таңдаңыз.

Қажет болса, факс нөмірін енгізіңіз және  белгісін басу арқылы факс опциясын өзгертіңіз.

NFC пайдалану мүмкіндігі (қосымша)

- 5 Ұялы құрылғыны (әдетте ұялы құрылғының артқы жағында орналасқан) принтердегі NFC белгісі үстімен (NFC) белгілеңіз.

Ұялы құрылғы принтерге тапсырманы жіберуі үшін бірнеше секунд күтіңіз.



Кейбір ұялы құрылғылар үшін, NFC белгісі ұялы құрылғының артында орналаспауы мүмкін. Бекітудің алдында ұялы құрылғыңыздағы NFC антеннасының орналасқан жерін тексеріңіз.

- 6 Принтер мазмұнды факспен жіберуді бастайды.

Қолдау көрсетілетін мобильді бағдарламалар

Қолжетімді бағдарламалар

- **Samsung Mobile Print:** **Samsung Mobile Print** пайдаланушыларға фотосуреттерді, құжаттарды және веб-беттерді тікелей смартфон немесе планшеттен басып шығару, сканерлеу (сканерлеуді қолдайтын құрылғысы бар пайдаланушылар ғана) немесе факс (сканерлеуді қолдайтын құрылғысы бар пайдаланушылар ғана) арқылы алмасуға мүмкіндік беретін тегін бағдарлама. **Samsung Mobile Print** тек Android және iOS смартфондарымен ғана емес, сонымен қатар iPod Touch және қалта компьютерімен үйлесімді. Ол ұялы құрылғыны желіге қосылған Samsung принтеріне немесе сымсыз принтерге Wi-Fi қатынасу орны арқылы қосады. Жаңа драйверді орнату немесе желілік параметрлерді теңшеу қажет емес – жай ғана **Samsung Mobile Print** бағдарламасын орнатыңыз да, ол үйлесімді Samsung принтерлерін автоматты түрде анықтайды. Фотосуреттерді, веб-беттерді және PDF файлдарын басып шығару мүмкіндігіне қоса, сканерлеу де қолданады. Сізде Samsung көп функциясы болса, кез келген құжатты ұялы құрылғыңызда жылдам және оңай көру үшін JPG, PDF немесе PNG пішіміне сканерлеңіз (381-беттері "Samsung Mobile Print бағдарламасын пайдалану" қараңыз).
- **Samsung Mobile Print Pro:** Пайдаланушыларға аутентификацияға оңай қол жеткізуге көмектеседі. Бұл бағдарлама ұялы құрылғы көмегімен пайдаланушы аутентификациясын алу үшін бір әдіспен қамтамасыз етеді (375-беттері "Samsung Mobile Print Pro бағдарламасын пайдалану" қараңыз).

- **Samusng Mobile Print Manager:** Пайдаланушыларға ұялы құрылғы көмегімен клондау және сымсыз орнату мүмкіндіктерін пайдалануға мүмкіндік береді (377-беттері "Samsung Mobile Print Manager бағдарламасын пайдалану" қараңыз).

Бағдарламаларды жүктеу

Бағдарламаларды жүктеу үшін, ұялы құрылғыдағы бағдарлама дүкеніне өтіп, "**Samsung Mobile Print /Samsung Mobile Print Pro/Samusng Mobile Print Manager**" бағдарламасын іздеңіз. Сондай-ақ, компьютеріңіздегі Apple құрылғылары үшін iTunes бағдарламасына кіруіңізге болады.

- **Samsung Mobile Print**
 - Android:** Play Store дүкенінен **Samsung Mobile Print** іздеп, содан кейін бағдарламаны жүктеңіз.
 - iOS:** App Store дүкенінен **Samsung Mobile Print** іздеп, содан кейін бағдарламаны жүктеңіз.
- **Samsung Mobile Print Pro/Samusng Mobile Print Manager**
 - Android:** Play Store дүкенінен **Samsung Mobile Print Pro** немесе **Samusng Mobile Print Manager** іздеп, содан кейін бағдарламаны жүктеңіз.

Қолдау көрсетілетін мобильді

Қолдау көрсетілетін мобильді амалдық жүйе

- **Samsung Mobile Print**
 - Android OS 2.3 немесе одан кейінгі нұсқа
 - iOS 5.0 немесе одан кейінгі нұсқа
- **Samsung Mobile Print Pro/Samsung Mobile Print Manager**
 - NFC және Wi-Fi Direct қосылған, қолдау көрсетілетін мобильді бағдарламалар ұялы құрылғыларды Android 4.0 немесе одан кейінгі нұсқасымен орнатылған.

AirPrint



AirPrint мүмкіндігін тек AirPrint куәлікпендірілген машиналар ғана пайдалана алады. Құрылғы салынған қораптан AirPrint куәлікпендірілген белгісін іздеңіз.




AirPrint ең соңғы iOS нұсқасымен істейтін iPhone, iPad және iPod touch-тан тікелей басып шығаруға мүмкіндік береді.

AirPrint орнату

AirPrint мүмкіндігін пайдалану үшін құрылғыда Bonjour (mDNS) және IPP протоколдары қажет. **AirPrint** мүмкіндігі келесі әдістермен қосылуы мүмкін.

- 1 Құрылғының желіге қосылуын тексеріңіз.
- 2 Internet Explorer, Safari немесе Firefox сияқты веб-шолғышты іске қосыңыз және шолғыш терезесіне құрылғының жаңа IP мекенжайын енгізіңіз.

Мысалы,

- 3 SyncThru™ Web Service веб-торабының жоғарғы оң жағындағы **Вход в систему** түймесін басыңыз.

- 4 **Идентификатор** және **Пароль** теріңіз де, **Домен** таңдаңыз. Содан кейін **Вход в систему** пәрменін басыңыз.


Құрылғыдан жүйеге кіргенде пайдаланатын бірдей жүйеге кіру идентификаторы, құпия сөзін, доменді пайдаланыңыз (318-беттегі "жүйеге кіру" бөлімін қараңыз).

- 5 SyncThru™ Web Service терезесі ашылғанда **Настройки > Параметры сети** тармағын таңдаңыз.


- 6 **AirPrint** түймесін басыңыз.

AirPrint арқылы басып шығару

Мысалы, iPad нұсқаулығында келесі нұсқаулар келтірілген:

- 1 Басып шығарғыңыз келетін электрондық пошта, фото, электрондық бет немесе құжатыңызды ашыңыз.
- 2 Әрекет белгісін () нұқыңыз.
- 3 Орнату үшін **принтеріңіздің драйвер атауын** және параметр мәзірін таңдаңыз.
- 4 **Басып шығару** түймешігін басыңыз. Оны басып шығарыңыз.



Басып шығаруды болдырмау: Басып шығаруды болдырмау немесе басып шығару есебін көру үшін мульти тапсырмалар өрісіндегі басып шығару орталығының белгішесін () басыңыз. Басып шығару орталығында болдырмау түймешігін басуға болады.

Google Cloud Print™

Google Cloud Print™ - смартфонның, планшет немесе желіге қосылған кез келген құрылғыларыңызды пайдаланып басып шығару мүмкіндігін беретін қызмет. Ол үшін небәрі Google тіркелгіңізді принтеріңіз үшін тіркеп, Google Cloud Print™ қызметін пайдаланыңыз. Құжат немесе электрондық пошта хабарламасын Chrome OS, Chrome шолғышы немесе ұялы құрылғыдағы Gmail™/ Google Docs™ бағдарламасын пайдаланып, басып шығаруға болады, яғни, ұялы құрылғыңызға принтер драйверін орнатудың қажет жоқ. Google Cloud Print™ туралы қосымша ақпарат алу үшін Google веб-торабын (<http://google.com/cloudprint/learn/> немесе <http://support.google.com/cloudprint>) қараңыз.

Принтеріңіз үшін Google тіркелгісін тіркеу

Chrome шолғышы арқылы тіркеу



- Принтеріңіздің іске қосылып, Интернетке қосылған сымды немесе сымсыз желімен байланысқанына көз жеткізіңіз.
- Алдын ала Google тіркелгісін құру қажет.

- 1 Chrome шолғышын ашыңыз.
- 2 www.google.com кіріңіз.
- 3 Gmail™ мекенжайыңыз арқылы Google веб-торабына кіріңіз.

- 4 Мекенжай жолағына құрылғының IP мекенжайын енгізіп, Enter пернесін немесе **Оту** түймесін басыңыз.
- 5 SyncThru™ Web Service веб-торабының жоғарғы оң жағындағы **Вход в систему** түймесін басыңыз.
- 6 **Идентификатор** және **Пароль** теріңіз де, **Домен** таңдаңыз. Содан кейін **Вход в систему** перменін басыңыз.
Құрылғыдан жүйеге кіргенде пайдаланатын бірдей жүйеге кіру идентификаторы, құпия сөзін, доменді пайдаланыңыз (318-беттегі "жүйеге кіру" бөлімін қараңыз).



Желі ортасында прокси сервері қолданылса, прокси IP мекенжайы және порт нөмірі **Настройки > Параметры сети > Google Cloud Print > Параметры Proxu** тармағында енгізілуі тиіс. Қосымша ақпаратты алу үшін желілік қызметін ұсынушысы немесе желілік әкімшімен хабарласыңыз.

- 7 **SyncThru™ Web Service** терезесі ашылғанда **Настройки > Параметры сети > Google Cloud Print** тармағын таңдаңыз.
- 8 Принтеріңіздің атауы мен сипаттамасын енгізіңіз.
- 9 **Зарегистрировать** түймесін басыңыз.
Растау қалқымалы терезесі ашылады.

Google Cloud Print™



Браузеріңізді қалқымалы терезелерді көрсетпейтіндей баптасаңыз, растау терезесі ашылмайды. Сайтқа қалқымалы терезелерді көрсететіндей баптаңыз.

10 Завершить регистрацию принтера түймесін басыңыз.

11 Управление вашими принтерами түймесін басыңыз.

Принтеріңіз Google Cloud Print™ қызметінде тіркелді.

Google Cloud Print™ үшін қолжетімді құралдар тізімде көрсетіледі.

Google Cloud Print™ көмегімен басып шығару

Басып шығару үрдісі пайдаланылып отырған бағдарлама немесе құрылғыға байланысты өзгеруі мүмкін. Google Cloud Print™ қызметін қолдайтын бағдарламалар тізімі көрсетіледі.



Принтеріңіздің іске қосылып, Интернетке қосылған сымды немесе сымсыз желімен байланысқанына көз жеткізіңіз.

Ұялы құрылғыдағы бағдарламадан басып шығару

Келесі қадамдар Google Docs™ бағдарламасын Android ұялы телефоны арқылы пайдаланудың мысалы.

1 Ұялы телефоныңызға Cloud Print бағдарламасын орнатыңыз.



Егер бағдарламаңыз болмаса, оны Android Market немесе App Store сияқты бағдарлама орталықтарынан жүктеуге болады.

2 Ұялы телефоныңыз арқылы Google Docs™ бағдарламасын ашыңыз.

3 Басып шығарғыңыз келетін құжатта опция  түймесін басыңыз.

4 Жіберу  түймесін басыңыз.


5 Cloud Print  түймесін басыңыз.

6 Қажет болса, басып шығару параметрлерін орнатыңыз.

7 [Click here to Print](#) түймесін басыңыз.

Chrome шолғышы арқылы басып шығару

Келесі қадамдар Chrome шолғышын пайдаланудың мысалы.


- 1 Chrome. іске қосыңыз.
- 2 Басып шығарылуы тиіс құжат немесе электрондық пошта хабарламасын ашыңыз.
- 3 Шолғыштың жоғары оң жақ бұрышындағы  бұрауыш белгішесін басыңыз.
- 4 **Print** түймесін басыңыз. Басып шығару үшін жаңа өріс пайда болады.
- 5 **Print with Google Cloud Print** таңдаңыз.
- 6 **Басып шығару** түймесін басыңыз.



4. Қызмет көрсету

Осы тарауда машинаға қызмет көрсету туралы ақпарат беріледі.

- Шығын материалдарының қызмет мерзімін бақылау 393
- Жабдықтарды қайта реттеу хабарландыруын орнату 394
- Жабдықтарды ауыстыру және қайта үлестіру 395
- Табу: сериялық нөмір 397
- Жадты тазалау 398
- Машинаны тазалау 399
- Құрылғыны, қосалқы материалдарды және қағазды сақтау бойынша кеңестер 405
- Құрылғыны жылжыту бойынша кеңестер 406
- Демонстрациялық бетті басып шығару 407




Шығын материалдарының қызмет мерзімін бақылау

Шығын материалдарының қалған қызмет мерзімін тексеріңіз және жабдықтарды алдын ала дайындаңыз.

Сонымен қатар шығын материалдарының қызмет көрсету мерзімінің есебін басып шығаруға болады. **Отчет** функциясындағы **Сведения о расходных материалах** тармағын таңдаңыз (336-беттегі "Отчет", 184-беттегі "Информация қойындысы" бөлімін қараңыз).


Машинада

- 1 Негізгі экранда **Настройки > Управление > Срок служ.расх.мат** тармағын басыңыз.
- 2 Шығын материалдарының қызмет мерзімін тексеріңіз.

 Жаңа жабдықтарды немесе олардың орташа өнімділігінен 90 %-дан жоғары пайдаланылғандарын дайындауды ұсынамыз (395-беттегі "Жабдықтарды ауыстыру және қайта үлестіру" бөлімін қараңыз).

SyncThru™ Web Service бағдарламасында

- 1 SyncThru™ Web Service бағдарламасында, **Информация** қойындысынан > **Расходные материалы** параметрін таңдаңыз.
- 2 Қалған пайызды тексеріңіз.

 Қалған пайыз 10 %-дан аз болса, жаңа жабдықтарды дайындау ұсынылады (395-беттегі "Жабдықтарды ауыстыру және қайта үлестіру" қараңыз).

Жабдықтарды қайта реттеу хабарландыруын орнату

Хабарландыру бар электрондық хаттарды алып, жабдықтарды алдын ала дайындау үшін, жабдықтарды қайта реттеу хабарландыруын орнатыңыз.

331-беттегі "Управление расх. мат." бөлімін қараңыз.

Жабдықтарды ауыстыру және қайта үлестіру

Тонер картриджін ауыстыру

Тонер картриджі түгел толып кеткенде:

- Күй жарық диоды қызыл түспен жанып, дисплей экраны тонерді ауыстыру қатесі туралы хабарды көрсетеді.
- Машина басып шығаруды тоқтатады және кіріс факстер жадта сақталады.
Тонер картриджі бос күйінде, бірақ қара және ақ басып шығару тапсырмасын басып шығару мүмкін болады (жіберілген тапсырма қара және ақ түсті болуы тиіс).
- Құрылғының тонер картриджінің түрін тексеріңіз (268-беттегі "Шығын материалдарына және керек-жарақтарға тапсырыс беру" қараңыз).

Осы кезде тонер картриджін ауыстыру қажет. Тонер картриджінің алдын ала дайындалғанына көз жеткізіңіз (268-беттегі "Шығын материалдарына және керек-жарақтарға тапсырыс беру" қараңыз). Тонер картриджін ауыстыру жолы (215-беттегі "Тонер картриджін ауыстыру" қараңыз).

Кескіндерді тасымалдау блогын алмастыру

Көшірме картриджі түгелдей бос болғанда:

- Күй жарық диоды қызыл түспен жанып, дисплей экраны көшірме картриджін ауыстыру қатесі туралы хабарды көрсетеді.
- Құрылғыңызға сәйкес келетін көшірме картриджінің түрін тексеріңіз (268-беттегі "Шығын материалдарына және керек-жарақтарға тапсырыс беру").

Осы кезде көшірме картриджін ауыстыру қажет. Көшірме картриджін міндетті түрде алдын ал дайындау керек (268-беттегі "Шығын материалдарына және керек-жарақтарға тапсырыс беру" бөлімін қараңыз). Көшірме картриджін ауыстыру жолы (217-беттегі "Кескіндерді тасымалдау блогын алмастыру" қараңыз).

Тонерді қайта тарату

Тонер картриджін пайдалану мерзімі аяқталайын дегенде:

- Ақ жолақтар немесе ашық басып шығару орын алады.
- Дисплейде пайда болған хабарға сәйкес тонер деңгейі төмен болады.
- **Состояние** жарық диоды қызыл түспен жанады.

Жабдықтарды ауыстыру және қайта

Бұл орын алса картриджде қалған тонерді қайта тарату арқылы басып шығару сапасын уақытша жақсарту аласыз. Кейбір жағдайларда ақ жолақтар немесе ашық басып шығару тіпті тонерде қайта таратудан кейін де орын алады. Тонерді үлестіру жолы (213-беттегі "Тонерді қайта тарату" қараңыз).

Табу: сериялық нөмір

Қызмет көрсету бөліміне қоңырау шалған кезде машинаның сериялық нөмірін білуіңіз қажет. Машинаның сериялық нөмірін тексеру үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз.



Сериялық нөмір барлық машина есептерінің бас жағында жазылады.

- 1 Бастапқы экраннан немесе **Прилож.** ішінен **Настройки > Управление > Отчет > Счетчик использования > Печать** опциясын басыңыз.

НЕМЕСЕ

SyncThru™ Web Service ішінен **Информация** қойындысы > **Счетчики использования** пәрменін таңдаңыз.


- 2 Сериялық нөмірді тексеріңіз.

Жадты тазалау

Машина жадының сыйымдылығын қамтамасыз ету үшін, жадты тазалаудың бірнеше жолы бар. Төмендегі жолдардың бірін таңдаңыз.

Сақталған құжаттарды тазалау

Машина жадын тазаламас бұрын сақталған құжаттарды тексеріңіз.

- 1 Негізгі экранда **Папка** түймесін басыңыз.
- 2 Тізімнен жою қажет қалтаны немесе құжатты түртіңіз және ұстап тұрыңыз.
- 3  > **Удалить** пәрменін басыңыз.

Факс жадын тазалау

Факс жады толған кезде, сақталған факс жадын жоюға болады. Факс жадын жоюдың екі жолы бар, төмендегі қадамдарды орындаңыз:

Факс тапсырмасын басып шығару арқылы факс жадын тазалау

Алынған факстарды басып шығарыңыз. Факс жады автоматты түрде жойылады.

Факс тапсырмасын басып шығармай-ақ факс жадын тазалау



Факс тапсырмасын алдымен басып шығару арқылы және оны тексерусіз факс жадын тазаласаңыз, қажеті жоқ тапсырмаларды жоюға болады. Маңызды құжаттарды жойып алмаңыз.

- 1 Бастапқы экранда **Состояние задания** параметрін немесе **Прилож.** параметрін басыңыз.
- 2 Дисплей экранынан **Текущее задан.** қойындысын таңдаңыз.
- 3 Жою қажет тапсырмаларды таңдаңыз, содан кейін **Удалить** түймесін басыңыз.
Барлық тапсырмаларды жою қажет болса, **Удалить все** түймесін басыңыз.

Тізімде тек факс тапсырмаларын жою қажет болса, **Тип задания** тізіміндегі факс тапсырмаларын таңдаңыз және **Удалить** түймесін басыңыз.

Машинаны тазалау

Егер басып шығару сапасы мәселелері орын алса немесе құрылғыны шаң ортада пайдалансаңыз, ең жақсы басып шығару сапасын сақтау және құрылғыны ұзағырақ пайдалану үшін құрылғыны тұрақты түрде тазалау керек.



- Машинаның корпусын алкогольдің, еріткіштердің немесе басқа күшті заттардың көп мөлшері бар заттармен тазалау корпусың түсін кетіруі немесе зақымдауы мүмкін.
- Егер машина немесе оның айналасы тонермен ластанса, оны тазалау үшін суға малынған матаны пайдалану ұсынылады. Шаңсорғышты пайдаланғанда, тоенр ауаға ұшады. Бұл денсаулыққа қауіпті болуы мүмкін.

Сыртқы бөлігін тазалау

Құрылғы корпусын жұмсақ, түксіз матамен тазалаңыз. Матаны мұқият сулаңыз, бірақ құрылғы сыртына немесе ішіне судың кіріп кетуінен сақ болыңыз.

Машинаны тазалау

Ішкі бөлігін тазалау

Басып шығару барысында, қағаз, тонер және шаң түйіршіктері құрылғының ішіне жиналуы мүмкін. Осы жиналған қоқыс баспа сапасын төмендетуі мүмкін (мысалы, тонер дақтарының және жағындыларының пайда болуы). Құрылғының ішін тазалау осы ақауларды тазалайды және азайтады.





- Тонер картриджінің зақымдалуын болдырмау үшін оған бес минуттан артық жарық түсірмеңіз. Қажет болса, оны қағазбен жабыңыз.
- Тонер картриджінің жасыл бөлігіне тимеңіз. Бұл аумаққа тимеу үшін картридж тұтқасын пайдаланыңыз.
- Құрылғының ішін тазалағанда құрғақ, түксіз шүберекті пайдаланыңыз. Тасымалдау ролигін немесе басқа ішкі бөліктерді зақымдап алмаңыз. Бензин немесе араластырғыш сияқты еріткіштерді пайдаланбаңыз. Басып шығару сапасының ақауы пайда болып, құрылғыға зиян келтіруі мүмкін.



- Құрылғыны тазалау үшін мамықсыз матаны пайдаланыңыз.
- Құрылғыны өшіріңіз де, қуат сымын ажыратыңыз. Құрылғы суығанша күтіңіз. Егер құрылғыда қуат қосқышы бар болса, құрылғыны тазалау алдында қуат қосқышын өшіріңіз.
- Пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер параметрлеріне немесе моделіне байланысты сіздің құрылғыңыздағыдан басқаша болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (22-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).

Машинаны тазалау




Машинаны тазалау

Қағазды ұстап алу ролигін тазалау



- Құрылғыны өшіріңіз де, қуат сымын ажыратыңыз. Құрылғы суығанша күтіңіз. Егер құрылғыда қуат қосқышы бар болса, құрылғыны тазалау алдында қуат қосқышын өшіріңіз.
- Пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер параметрлеріне немесе моделіне байланысты сіздің құрылғыңыздағыдан басқаша болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (22-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).



Машинаны тазалау

Сканерді тазалау

Сканерді таза ұстау ең жақсы көшірме сапасына қол жеткізуге көмектеседі. Сканерді күн сайын таңертең және күндіз тазалап тұруыңызды ұсынамыз.




- Құрылғыны өшіріңіз де, қуат сымын ажыратыңыз. Құрылғы суығанша күтіңіз. Егер құрылғыда қуат қосқышы бар болса, құрылғыны тазалау алдында қуат қосқышын өшіріңіз.
- Пайдаланушы нұсқаулығындағы суреттер параметрлеріне немесе моделіне байланысты сіздің құрылғыңыздағыдан басқаша болуы мүмкін. Құрылғының түрін тексеріңіз (22-беттегі "Алдыңғы көрінісі" бөлімін қараңыз).

- 1 Жұмсақ, талшықсыз материал немесе қағаз сүлгіні аздап сулаңыз.
- 2 Сканер қақпағын көтеріп ашыңыз.

Машинаны тазалау

3 Сканердің бетін таза және құрғақ болғанша сүртіңіз.



- 1 Сканер қақпағы
- 2 Сканер әйнегі
- 3 Құжат бергіш әйнегі
- 4 Ақ жолақ

4 Сканер қақпағын жабыңыз.

Құрылғыны, қосалқы материалдарды және қағазды сақтау бойынша кеңестер

- Оларды ылғалсыз, суық жерде сақтаңыз.
- Оларды жабық күйде сақтаңыз, себебі шаң жиналып қалуы ықтимал.
- Оларға су тигізбеңіз,

Құрылғы

- Құрылғыны жылжыту кезінде қисайтпаңыз немесе аудармаңыз. Әйтпесе құрылғының іші ластанып, бұл құрылғыға зиян келтіруі немесе басып шығару сапасын төмендетуі мүмкін.
- Құрылғыны тасымалдағанда, кемінде екі адам оны мықты ұстауы керек.

Тонер картриджі/ Көшірме картриджі

Тонер картриджінде ең жақсы басып шығару сапасына қол жеткізу үшін, келесі нұсқаулықты ескеріңіз:

- Тонер картриджі пайдалануға дайын болмағанша, оны қаптамасынан алмаңыз.
- Тонер картриджін қайта толтырмаңыз. Құрылғының кепілдігі қайта толтырылған картриджді пайдалану салдарынан болған зақымды қамтымайды.
